

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№8 | 2023

ZANMEDIA.KZ



ЕРЖАН БАЙБОЛОВ,

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНЫҢ №2 АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

**«МАМАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ
МАҢЫЗДЫ РОЛЬГЕ ИЕ»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№8 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Ержан БАЙБОЛОВ,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотының төрағасы:
«Маман қорытындысы маңызды рольге ие»

Т. Смағұлқызы3

Алқаби жасын 30 жасқа өсірген жөн

М. ӘКЕТАЙ9

Конституциялық Сот — халық қорғаны

С. ЖУЫНТАЕВА12

Ақпараттар шынайы болуы керек

З. РАХМЕТОВА15

Жауапкершілік жазадан құтқарады

А. ШАМУРАТОВ17

Өкілеттік сенімхатпен расталады

А. ШОЙБЕКОВ19

Қиындықта шыңдалған, талай биік шыңды алған

М. ФАЗЫЛОВА21

Шетелдіктерді елден шығару негіздері

М. КАЛИЕВА25

Қайрат ЖурУнов,
Жетісу облысы криминалдық полиция басқармасының басшысы полковник:
«ДРОППЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЗАҢ КЕРЕК!»

Н. ЖЫЛЫС27

Тауарды қайтарып-айырбастауға болады

Б. МЕНСИТОВА30

Алаяқтарға арандап қалмаңыз

Ш. ЖАЛҒАСБЕКҮЛЫ33

Тараптарға теңдей мүмкіндік беріледі

С. ТАШИМБАЕВ36

Заң қазақ тілінде жазылуы тиіс

Р. АККАСИНОВ38

Қоғамдық ар-ұждан соты

Ә. ҚАРЕКЕНОВ40

Ержан БАЙБОЛОВ,

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотының төрағасы:

«МАМАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ МАҢЫЗДЫ РОЛЬГЕ ИЕ»

– Ержан Қалимолданұлы, Шелек сынды аудан орталығы болған халқы көп ауылда көбіне қандай істер қаралады, судьялар мен мамандар жеткілікті ме?

– Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотына көбінесе жол-көлік апаттарына қатысты, яғни, Қылмыстық кодекстің 345-бабы бойынша қылмыстық істер, материалдық шығындар, сондай-ақ, отбасылық даулар, алимент өндіру туралы талап арыздар түседі. Соттың штат бірлігінде төрт судья бекітілген. Бір судья бала күтіміне байланысты демалыста. Өткен айда тек қана әкімшілік құқықбұзушылықтарға қатысты 313 іс түсіп, қаралды. Үлкен аудандарда қылмыстық істі қарайтын судья бөлек, азаматтық істі қарайтын судья бөлек болады. Бізде әзірге мұндай мүмкіндік болмай тұр. Десек те, соттағы әрбір қызметкер жүктемеге қарамай, өз міндеттерін тиісті деңгейде атқаруда. Соңғы жылдары бұзылып, өзгертілген қылмыстық істер болған жоқ.

– Ауылдық жерлерде орналасқан соттарда медиациямен бітетін істердің аздығы жайлы ақпараттар бар, Сіздіңше, мұның басты себебі неде?



– Қазақ қоғамының басты принципі арұят, намыс, еркіндік, теңдік болып, олар құқықтық салада бірінші тұрды. Билер дау-жанжалды осы принципте талдап, талқылады. Біздің де көздегеніміз осы. Шілде айында азаматтық істер бойынша 36 істі сот



Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотының тарихы Шелек ауданының құрылуынан бастау алады. 1997 жылы аталған аудан Еңбекшіқазақ ауданына қосылды. Соған орай, Әділет министрлігінің 1997 жылғы 17 шілдедегі № 452 бұйрығымен Еңбекшіқазақ аудандық сотының құрамында Шелек сот округі болып жаңартылды. Кейіннен Шелек сот округі Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының № 2 аудандық соты болып қайта құрылды.

Кез келген саланың дамуында кадрлардың ролі ерекше десек, Ержан Байболов басқарып отырған Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотына аз да болса саз, яғни, өз ісінің нағыз білгірлері жиналған. Ержан Қалимолданұлы, 16 жылдан бері сот төрелігін атқарып келе жатқан тәжірибелі судья. Ол өзінің еңбек жолында Алматы қаласының ішкі істер органдарында, сондай-ақ, Алматы облысы Әділет департаментінің жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерін тіркеу және бақылау секторында, Алматы облысы бойынша Соттар әкімшісінің соттардың қызметін ұйымдастыру және кадр бөлімінде қызмет етті. Е.Байболов он жылдай Еңбекшіқазақ аудандық сотында судья болды, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтында білім-білігін шыңдады. Жоғары жауапкершілігінің арқасында биік беделге ие болған судьяға басшылық қызметтер сеніп тапсырылып, Жетісу облысының Сарқан аудандық сотын абыроймен басқарды.

Судья Қадыржан Тұрысбаев Талдықорған заң колледжін бітірген соң, Жамбыл облысының Шу аудандық сотында сот приставы болып орналасты. Жұмыс істей жүріп, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде заңгерлік білімін одан әрі жетілдірді. Он бір жылға жуық Шу аудандық сотында бас маман, аға сот приставы, сот мәжілісінің хатшысы қызметтерін атқарған Қадыржан Әшірбекұлы судьялыққа сала жұмысының қыр-сырын әбден меңгеріп келді. Қ.Тұрысбаевтың судьялық қызметі 2019 жылы осы сотта басталды. Жүйе жұмысындағы жалпы еңбек өтілі – он бес жыл.

медиациясымен аяқтадық. Медиациямен бітетін істердің үлкен аудандар мен қалаларға қарағанда аз болатыны, мұнда кәсіби медиаторлар жоқ. Одан кейін азаматтардың көбісі ауылда тіркелгенімен қалада жұмыс істейді. Сот шақыртуына келмейді. Сонда да медиацияның қолданыс аясын кеңейтуге бар күшімізді салып, дауекестікті азайту шараларын жан-жақты қарастырып жатырмыз. Ауылдағы ел сыйлайтын азаматқа кәсіби медиатор болуды ұсындық. Бұл мәселенің алдағы уақытта шешімін табарына сенімдіміз.

– Отбасылық дауларда, мысалы, ерлі-зайыптыларды жарастыруда ең тиімді тетік ретінде нені атар едіңіз?

– «Саяқ жүрген таяқ жейді» немесе «Ынтымағы, бірлігі мықты елді дау да, жау да алмайды» дегенді Төле би бабамыз бекер айтпаған. Сондықтан ерлі-зайыптыларға екі жаққа бөлініп кеткеннен ештеңе ұтпайтындарын ұғындыруға тырысамын. Отбасылық даулардың оң шешілуіне көбінесе татуласуға

берілген уақыт әсер етеді. Олардың бір-біріне айта алмай жүрген өкпе-назы болады. Жарасуға дайын тұрғанымен бір-біріне иілігісі келмейді. Сондай кезде балаларын алға тартып, олардың болашағы жайлы ойлануға шақырамын. Нәтижесіз емес, ажырасу мақсатымен келгендердің соттан бірге шыққандарын көргенде қуанып қаламын.

– Сотты судьялардың өздері басқаруы керек деген пікірлерге қалай қарайсыз?

– Соттағы судьялар белгілі бір мерзімге өз араларынан таңдап, кезектесіп төраға болғаны да дұрыс. Бұл судьяға төрағалықтың жауапкершілігін сезіндіріп қана қоймайды, сонымен бірге оның ұйымдастырушылық, көшбасшылық қабылеттерін де шыңдайды. Адамға барлық уақытта мүмкіндік берілгені жөн.

Мәселен, көпшілік сот жұмысын оңай көргенімен, шын мәнінде күдікті, айыпталушы болсын әрбірінің әрекетін жіліктеп, олар

Мұндағы өзге қызметкерлердің де жұмысты үйлестіріп, жандандыруда қосып жүрген үлесі ұшан-теңіз. Солардың бірі әрі бірегейі – аудандық сот әкімшісінің басшысы Румин Турсунов. Тәжірибелі маманның 18 жылғы еңбегі еленбей қалған жоқ. Румин Аркенұлы «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісінің иегері.

Зита Айқынбаеваны сот саласының ардагері, өз кәсібінің майталманы, жастардың ақылшысы десе де болады. Ширек ғасырдан бері осы сотта бас маман болып жұмыс істейтін Зита Ахметқызы жүйе жұмысының дамуына қосқан үлесі және қызметіндегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, Алматы облыстық Сотының, Соттар әкімшісінің мақтау қағаздарымен, алғыс грамоталарымен марапатталған.

Талдықорған заң колледжінің, сондай-ақ, Алматы университетінің түлегі Мақпал Мақашеваның да саладағы тәжірибесі жетерлік. Соттағы жұмысын 2007 жылы Алматы облысының Жамбыл аудандық сотында жетекші маман болып бастады. 2014 жылдан бері Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотында бас маман-сот мәжілісінің хатшысы қызметінде. Алматы облыстық соты төрағасының Құрмет грамотасын алды.

Жасұлан Айтбайдың аталған сотта жұмыс істегеніне жеті жыл болды. Қазіргі уақытта бас маман-сот мәжілісінің хатшысы. Алматы облысы бойынша соттар әкімшісінің басшысы ҚР Тәуелсіздік күніне орай өзіне жүктелген міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін Құрмет грамотасымен марапаттады. Ал, Толқын Кентыбаева 2018 жылдан бері бас маман-сот мәжілісінің хатшысы болып қызмет етеді. Республика күніне орай Құрмет грамотасын иеленді. Бас маман әрі сот мәжілісінің хатшысы Гүлжан Есембаева мен бас маман Анара Батыршаева да лайықты еңбектерімен танылып, ұжым құрметіне бөленіп жүр.



ды сарапқа салып, ақиқат шешімге келу сот үшін оңайға соқпайды. Сондықтан процеске қатысып, жұмысымен танысқандар ғана судья жауапкершілігінің қаншалықты ауыр екенін мойындайды. Төрағалық та сол сияқты. Басшы қызметкерлердің алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасаушы тұлға, судьялық міндеті тағы бар. Қалай дегенде де, жауапкершілікті сезінетін адам үшін жұмыстың оңайы жоқ, оның сапалы орындалуы қарым-қабілетті талап етеді, мысалы, егін шаруашылығымен екі адамның бірі айналыса алмайды. Ол үшін сол шаруашылықтың қыр-сырын білу керек. Сондықтан, тәжірибеде сынап көруге болады.

– Әлеуметтік желілерде соттар жайлы түрлі жазбалар кездеседі, бірақ судьяның ар-ожданына немесе сотқа келтірілген нұқсан үшін талап арызбен жүгінгендер туралы ақпараттар жоқ десек те болады. Неге бұлай?

– Барлық жерде сотқа келушілер өздеріне тек шындық керек екенін айтады. Бірақ өздері күткен нәтиже болмаса, оған көңілері келмейді, яғни, шындыққа сенбейді. Соның салдарынан сот актілерін әлеуметтік желілерде талқылайды. Сот шешіміне риза болмағандар «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегеннің керімен елдің сол іске деген көзқарасын мүлде басқа жаққа бағыттап, баға береді. Сот жұмысынан, заңнан хабары жоқ блогерлер оларды оңды-солды таратады. Осы арқылы жұртшылық санасында соттарға деген кері көзқарас қалыптастырады. Сот шешімінің не үшін олай қабылданғанын және оның заңды екенін заңгерлер түсінгенімен, басқалар түсінбейді. Өкінішке қарай, тараптар өздеріне жағатын шешімді ғана әділ санайды. Сот туралы жалған ақпараттар жазып, таратудың соңы жауапкершілікке әкелетінін көбісі білмейді.

– Мұндай жағдайда заңның жұмыс істеуі үшін қандай қандай да бір шара қолданылу керек шығар?

– Судья да адам, оның да туған-туысы, бала-шағасы, таныстары, азаматтық құқықтары мен бостандықтары бар. Жалған сөздер адамның көңіл-күйіне, денсаулығына кері әсер етеді. Іс қаралмай жатып неше түрлі арыз жазатындар, БАҚ-тар арқылы қысым жасағысы келетіндер де жоқ емес. Судья талап арыз берсе, «қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген де сөздер шығуы мүмкін. Сондықтан дәл осындай жағдайдағы істерді қарайтын бөлек орган болуы керек сияқты.

Заңды жұмыс істету тұрғысында сот практикасында болған бір жайтты айтайын.

Газы жоқ ауылдарда шыққан күлді тұрғындар көшеге төге береді. Кейде жүретін жол таппай қаласың. Сотта дөңгелек үстел өткізіп, полиция қызметкерлерімен тәртіп, тазалық орнату қажеттігі туралы мәселе көтердік. Күлді көшеге төккендердің бірекеуіне жаза қолданып, оның нәтижесін аудандық газетке шығарттық. Бір аптаның ішінде тұрғындардың өздері төккен күлді жинап, көшелерді тазалап алды. Осындай шаралармен қоршаған ортаны ластауға болмайтынын ұғындырып, заң талаптарын орындатуға болады.

Халықтың құқықтық мәдениетін арттыруда бұқаралық ақпарат құралдарының ролі үлкен. Осы себепті кейбір істерді ауданда жарық көретін басылымдарға жариялаймыз, Сол арқылы жұртшылық заңнан хабардар

болып, келеңсіз жайттардан бойларын аулақ ұстайды.

– Жол-көлік оқиғаларына байланысты істерді қарағанда қандай да бір қиындықтар туындай ма?

– Бізде әкімшілік істерге қатысты сараптама, медициналық куәландыру бойынша қиындықтар бар. Шелек ауылында нарколог жоқ. Қорам деген жерде 4 баланы қағып кеткен жүргізуші ауыр дәрежедегі масаң күйде болған. Қорытынды дұрыс жасалу үшін жүргізушіні Талғардағы наркологқа апаруға тура келеді. Сол екі аралықта оның масаң күйден айығып, есін жиып алуы әбден мүмкін. Осы себепті аурухананың бас дәрігерімен, мамандармен кездесуді жоспар-



лап отырмыз. Мысалы, қорытындыға кіріс штампты қойылу керек.

Сот ісінде мықты маманның қорытындысы үлкен роль ойнайды. Қорытындының басты құжат екенін түсінбей қол қоя салатындар да жоқ емес. Сондықтан медициналық сараптама қорытындыларына қатысты жұмысты аурухана қызметкерлерімен бірігіп күшейтуді көздеп отырмыз.

– Полиция, әкімшілік, адвокатура қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейсіздер ме?

– Құқық қорғау органдарының, әкімшіліктің қызметкерлерімен, сондай-ақ адвокаттармен бірге өзгертіліп, толықтырылған заңдарды талқылаймыз. Спорттық шаралардан да тыс қалмаймыз, өзіміздің ұйымдастыруымызбен Шонжы ауылында спорттық жарыс түрлерінен турнир өткіздік.

Жақында Еңбекшіқазақ ауданының № 2 аудандық сотының алғашқы төрағасы Бекдайыр Жұмәділовтың құрметіне арналған ескерткіш тақта ашылды. Бекдайыр Бәтжанұлының сан жылдар бойғы жұмысы қызметтік міндеттерін мінсіз орындаудың шынайы үлгісі саналады. Тақтаның ашылу салтанатына Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Әділ Кұрықбаев, Алматы облыстық сотының судьялары, Б.Жұмәділовтің зайыбы мен ұл-қыздары қатысты. Мемлекетіміздің болашағы үшін сот жүйесіндегі әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз етуде абыройлы еңбек етіп жүрген қазіргі билерді жастарға үлгі-өнеге ету, ұлықтау басты міндетіміз.

– Тәжірибе барысында не байқадыңыз? Халықтың сотқа деген сенімі қайтсе нық қалыптасады?

– Соттан екі жақтың да ырза болып шықпасы белгілі. Тәжірибеден байқағаным, сот шешімін дұрыс түсіндірсең, ырза болмай тұрған жақтың өзі келіседі. Бізде үлкен кісі бауырымен дауласты. Іс біразға созылды.

Әртүрлі талап арыз берді. Үш-төрт рет шақырып, медиацияға келістіруге тырыстым. Бауыры келіскенімен, талапкер келіспеді. Болмаған соң сот шешімін шығарып, шешімнің не үшін бұлай қабылданғанын бүге-шігесіне дейін нақты дәлелдермен түсіндірдім. Мұның бәрін қарапайым тілмен жеткіздім. Сотқа жүгінуші сол сәтте келісіп, «енді түсіндім, бұрын білмеп едім, арызданбаймын» деді. Сол шешіммен тынышталды.

Сот шешімін түсіндіру халықтың сотқа деген сенімін нығайтуда өзінің оң ықпалын тигізетіні байқалуда. Дегенмен бес саусақтың бірдей еместігі секілді қабылдаған шешімді заңдық тұрғыда қанша түсіндірсең де түсінбейтіндердің бар екені де өмір шындығы.

– Халықпен байланыс деңгейі қандай?

– Ауыл тұрғындары Ашық есік күндері сотқа келіп, сұрақтарын қояды. Қазіргі кезде қарыз беру мәселесіне қатысты сұрақ көп. Адвокаттарға хабарласып, көмек беруін сұраймыз. Әкімшіліктің заңгерлерімен байланыстырамыз. Сот қызметкерлері азаматтардан түскен сұрақтарға дер кезінде жауап беріп, сапалы қызмет көрсету мақсатын ұстанған.

– Балалар тәрбиесіндегі ұстанымыңыз қандай?

– Қазақы ұстаным. Өзім қазақы тәрбиемен өстім, балаларымды да солай тәрбиелеймін. Одан жамандық көріп жатқан жоқпыз. Тәрбиенің де, білімнің де қазығы – отбасы. Халқымызда «Әйел тәрбиесінің нашар болуы ерінен, ұл тәрбиесінің нашар болуы ұлтынан» деген сөз бар. Ұлттың атын ұл шығарады, сондықтан ұлды Отанды, ел мен жерді сүюге тәрбиелеген абзал.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге көп рақмет!

**Сұхбаттасқан
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

АЛҚАБИ ЖАСЫН 30 ЖАСҚА ӨСІРГЕН ЖӨН

Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейту, сондай-ақ құқықтық қорғау бойынша жұмыстарды жалғастыру және заң үстемдігіне қол жеткізу туралы айтқан болатын. Бұл шаралар соттардың ашық және кәсіби болуын талап етеді. Осы орайда Жоғарғы Сот тарапынан игі іс-шаралар атқарылуда. Сот төрелігін сапалы атқару үшін кадрларды іріктеудің жаңа жүйесі ұйымдастырылып, сот процестерінің ашықтығы артып келеді.



**Мұратғали ӨКЕТАЙ,
Павлодар облыстық сотының
қылмыстық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы,
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент**

ҚР Конституциясына сәйкес, елімізде сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген сот ісін жүргізудің басқа да нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.

Әділдік пен ізгілікті бойына жинаған қазақ халқы қазылық дәстүрді күні кешегі Қазан төңкерісіне дейін сақтап келді. Сондықтан қазақ даласында сот органдарының пайда болу және қалыптасу тарихын ұғыну үшін, ежелгі қарапайым құқық тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған құқық нормаларының, әдет

заңдары мен салт-дәстүрлердің тарихы мен оның дамуын терең меңгеру қажет.

Қазақ хандығы құрылғаннан, билер институты шешімдері хан жарлығымен бірдей дәрежеде атқарылған. «Би» сөзінің этимоло-

логиясы жайлы қазіргі күні нақты бір тұжырым айту қиын. Бірақ, бұл тақырыпқа алғаш көңіл аударған белгілі ғалым Ш. Уәлиханов «би» сөзінің түбірін көне түркінің «бек» және «бей» сөздеріне негіздеп, оның негізгі мағынасы «сот» ұғымын білдіретінін атап көрсеткен еді.

Билерге тиесілі сот билігінің қазақ қоғамында ерекше маңызы бар, ол басқару жүйесінде биліктің жетекші нысанына айналды. Көшпелі дәуірде басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде рулар мен олардың арасындағы дауларды, талаптарды талқылаудан тұрды. Билер ереже талаптарын, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ, осы шешімдерді орындау әдістері мен нысандарын айқындауда едәуір құқықтарға ие болды. Билердің қызметі тек сот әділдігін жүзеге асырумен шектелмей, олар қоғам өмірінің басқа да салаларымен тығыз байланысатын біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз тұлға ролін атқарды. Олардың салмақты пікірлерімен, тіпті сұлтандар да санасты. Билердің көшпелі руларды басқарған кездері де аз емес. Демек, сол кездің өзінде билер соты аса құрметті және тәуелсіз орган болған.

Алқабилер туралы заң қабылданғанға дейін «алқабилер соты – халықтың тілегі» деп өз ойымды білдірген едім. Елімізде қылмыстық істерді қарауда тиімді болған соң, алқабилердің қатысуымен қаралатын сот істерінің санаттарын кеңейту бойынша заңға түзетулер енгізілді.

Қазір Қазақстандағы алқабилер соты он азаматтан және кәсіби судьядан тұрады. Заңға сәйкес, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына тағайындалатын қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қаралуы тиіс.

Бүгінгі күні аса ауыр санаттағы істер Қылмыстық процестік кодекстің 631-бабында қарастырылған, онда істі сотталушының өтініші бойынша, алқабилер сотымен қарайды. Яғни, алқабилердің қатысуымен өтетін сот істері санының артуы байқалуда.

Павлодар өңірін алатын болсақ, Павлодар қаласы бойынша, алқабилерге үміт-

керлердің саны жеті мың бес жүзден он бес мыңға дейін ұлғайды.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап алқабилерді іріктеудің жаңа тәртібі енгізілді, Сот әкімшілігі Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп алқабилердің автоматтандырылған тізімін «Төрелік» АЖ мен «Смарт қызмет» арқылы қалыптастырады.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот алқабиге үміткерлер тізімдерін ағымдағы жылдың соңына дейін өңдейді. Сот мамандары үміткерлердің көрсетілген мекенжайлары бойынша тұратынын, олардың мемлекеттік қызметші, мүгедек немесе қайтыс болғанын анықтап, іріктейді. Мұндай үміткерлер тізімнен шығарылып, олардың орнына басқа үміткерлер енгізіледі. Алқабиге үміткерлердің дайын тізімдері соттың компьютерлік дерекқорында сақталады.

Алқабиге үміткерлердің тізіміне жиырма бес жасқа толмаған адамдар кірмейді, сондай-ақ, өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танығандар, судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік және әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, наркологиялық немесе жүйке-психиатриялық диспансерде есепте тұрған азаматтар алқабилер құрамына енбейді.

Осы тұста айтып өтерлігі, заңға сәйкес, 30 жасқа толған ел азаматтары судья бола алады. Сондықтан судьялар сияқты алқабилердің де жасын 30 жасқа көтерген дұрыс.

Аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адам істі алқабилердің қарауы туралы сотқа өтініш түсіруге құқылы. Судьяның шешімімен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысуға шақырылатын үміткерлердің саны, негізгі сот талқылауының күні мен уақыты айқындалады. Үміткерлер тізімі жыл басында бекітілген тізімнен кездейсоқ таңдау, яғни, компьютер арқылы қалыптасады.

Қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қараудың ерекшелігі – сотталушының кінәсі немесе кінәсіздігі туралы мәселені кәсіби судьялар емес, сотталушының

өзі сияқты азаматтар шығарады. Шешімдер заңның үстемдігі, алқабилердің әділдік идеялары, олардың өмірлік тәжірибесі мен ойы негізінде қабылданады. Алқабилер сотын сот төрелігін жүзеге асыруға, қатысу құқығын жүзеге асырудағы қоғамдық бақылаудың бір түрі деп түсіну қажет.

Сот ісін жүргізудің бұл ерекше түрі процесітегі міндеттерді бөлуді көздейді: алқабилер факті бойынша сұрақтарды шешеді (қылмыстық әрекет болды ма, жоқ па, сотталушы оны жасады немесе жасамады, ол кінәлі немесе кінәлі емес), ал кәсіби судья құқықтық мәселелерді шешеді.

Алқабилердің қатысуымен сотта жарыспалылық қағидатын іске асыру тетігі жеткілікті түрде толық көрініс тапқан. Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылатыны белгіленген. Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық процестің мақсаты істің барлық мән-жайларының объективті, толық, жан-жақты анықтау және дәлелдерді зерделеу болып табылады. Сондықтан алқа билерге жағдай жасай отырып, қаралып жатқан қылмыстық іс бойынша толық ақпарат алуын қамтамасыз ету үшін судья белсенді болуы керек. Ол үшін қажет болған жағдайда, оқиғаның барлық мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеу мақсатында судья қосымша дәлелдемелерді талап етуге құқылы.

Мысалы, батыс елдерді алатын болсақ, бұл Англиядағы судьяның және Австриядағы алқабилердің құқығында көрсетілген. Қылмыстық істі қарау кезінде судья тараптардың өтініші бойынша да, өз бастамасымен дәлелді шешім шығару арқылы барлық жол берілмейтін дәлелдемелерді істен алып тастауға міндетті.

Кеңесу бөлмесінде судья төрағалық етуші болып саналады. Сондықтан ол алқабилер кеңесіне басшылық етеді, алқабилер жауап беретін негізгі және қосымша сұрақтарды рет-ретімен қояды, жауаптар бойынша дауыс беруді және дауыстардың есебін жүргізеді. Яғни, сотталушының әрекетіне баға беру үшін қойылатын сұрақтар нақты әрі түсінікті болуы керек.

Кеңесу бөлмесінде қаралған қылмыстық іске және қойылған сұрақтарға байланысты түсінбеушіліктері болса, алқабилер судьядан түсінік алуға құқылы екені қылмыстық іс жүргізу заңында бекітілген.

Қылмыстық процесті жүргізу заңында бекітілген билер алқасының кеңесу бөлмесіндегі әрекеттеріне байланысты, судья алқабилер қойған сұрақтарда ғана талқылауға қатысып, жауап беруге құқылы екендігін атап өткен жөн. Істегі барлық дәлелдемелерді жан-жақты зерттеу негізінде ғана алқабилер сотында әділ үкім шығарылуы мүмкін.

Қазіргі таңда елімізде биліктің үш тармағының бірі – сот билігі. Сот жүйесі – Президенттің тікелей қамқорлығында және оң назарында. Сол себепті әрбір судья өз қызметімен заңның үстемдігін, құқық пен әділдіктің салтанат құруын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік және қоғамдық мүддені қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарау алдын ала тергеу мен сот әділдігі сапасын арттыруға көп әсер етті.

Ең бастысы, дәстүрлі билер сотынан бастау алатын еліміздің сот жүйесі қалыптасты. Осы ретте алқабилер сотының ұтымды әрі тиімді тәжірибесін қазіргі заманға бейімдеп қолданудың маңызы зор, бұл тұрғыда алқабилер сотының жаңа кезеңі басталды деуге толық негіз бар.

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ – ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ

Демократиялық, зайырлы мемлекет қалыптастыруда басты бағдардың заң үстемдігін орнатуға, ел азаматтарының құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталары белгілі. Заң, құқық қорғау, сот саласындағы іргелі өзгерістер мен соны реформалардың көздегені де осы. Соның ішінде Конституциялық Соттың құрылып, жұмыс жүргізуі мемлекет пен халықты бір мақсатқа топтастырып, ел тілегін елеусіз қалдырмаудың пәрменді механизмі десек, қателеспейміз.



**Светлана ЖУЫНТАЕВА,
Қызылорда облыстық
сотының судьясы**

Конституциялық соттың тарихы тереңде. Әлемнің 70-тен астам елінде тұрақтылық пен заңдылықтың кепілі ретінде қызмет еткен Конституциялық соттың жұмысы біздің мемлекетімізде тәуелсіздік алған кезден басталған болатын. Оның құқықтық негізі 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы арқылы жасалып, құжатта Конституцияны сот арқылы қорғаудың жоғары органы

ретінде Конституциялық Сот белгіленгені мәлім. Артынша жаңа институттың құзыретін жолға қоятын екі заң қолданысқа енгізілді. Осылайша, 1992 жылғы 6 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» және «Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» заңдарды басшылыққа ала отырып Конституциялық Соттың төрағасы мен он судьясы сайланды.

Осы сындарлы кездің өзінде Конституциялық Сот өзіне жүктелген міндеттерді талапқа сай атқарып, қоғамдық резонанс тудырған бірқатар қаулы шығарып, адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын құқықтық тұрғыда қорғау бойынша оң тәжірибе жинақтады. Бірақ 1995 жылы Конституциялық Сот таратылды. Оған, ең алдымен, жаңа Конституцияның қабылдануы түрткі болған еді. Соған сәйкес, республика аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған Конституциялық Кеңес құрылып, оның нақты функциялары белгіленді.

1995 жылғы Ата Заңымыздың 72-бабында Конституциялық Кеңестің уәкілеттік етер шеңбері жан-жақты көрсетілген. Яғни, Конституциялық Сот өз жұмысын бастағанға дейін бұл құзырлы орган, ең алдымен, Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын және республикалық референдум өткізудің дұрыстығын тексеру; Президент қол қойғанға дейін Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру; Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін тексеру құзыретіне ие болды. Сонымен бірге халықаралық шарттар ратификацияланғанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін тексеру, Конституция нормаларына ресми түсінік беру, Президентті қызметінен босату немесе кетіру рәсімін сақтау туралы қорытынды беру (кеңеске ерекше жүгінбей – Конституцияның 47-бабы); Конституцияға түзетулерді қабылдау кезінде қорытындылар беру де Конституциялық Кеңес құзырына кірді.

Тағы бір басты бағдар Конституциялық

Кеңеске сот өтініштерін қарауға өкілеттік берумен өлшенеді. Міне, ел азаматтарының Кеңес жұмысына қатысты теріс пікірі де осы бапты қолданудан көрінеді. Конституцияның 78-бабында қандай да бір «сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп ұйғарған жағдайлар» реті қаулыда тұр. Мұндайда сот не істейді? Бас құжатта дәйектелгендей, мұндай жағдайда сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті болады.

Дәл осы тетік азаматтардың өз пікірін жолдау, өз ұстанымын білдіру құқығына қайшы келетіні заңгерлер мен заң қолданушылар арасында талайдан бері айтылып келген еді. Өйткені Конституциялық Кеңес кезінде азаматтар тек сот процесіне қатысушы статусына ие болып, дауды таразылау барысында қолданылатын құқықтық норманың конституциялық емес екенін сот арқылы ғана көрсетуге құқылы болды. Яғни, осыдан көріп тұрғанымыздай, азаматтар сотқа процесті тоқтата тұру және ол бойынша шешім қабылдау үшін тиісті құқықтық мәселені ұсыну туралы тілегін Конституциялық Кеңеске тікелей жеткізе алды. Ал егер сот процеске қатысушының пікіріне құлақ аспаса және заңның даулы ережесі негізінде іс бойынша шешім шығарса, онда азаматтың тек сот қабылдаған шешімге шағымдануға ғана мүмкіндігі болды.

Қарапайым азаматтардың Конституциялық Кеңеске тікелей жүгіне алмауы талай мәрте алқалы жиындардың талқы тақырыбына айналғаны белгілі. Бұл жерде Конституциялық Кеңеске сот процесіне қатысушылардың емес, тек апелляциялық немесе кассациялық соттың ғана жүгінетінін кезек күттірмей шешу, заңды тұрғыдан реттеу өзекті мәселенің бірі болатын.

Міне, құқықтық қоғам өкілдерінің көңілін күпті еткен осы жайға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл ауда-

рып, нақты тапсырмалар жүктеуінің арқасында Конституциялық Сот құру бойынша қадамдар жасалды. Осылайша 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңестің бар құзыреті Конституциялық Соттың құзырына өтті.

– Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев осы ретте. Яғни, Қазақстанның құқықтық алаңындағы басты институт саналатын Конституциялық Соттың негізінің қалануына 2022 жылғы 16 наурыздағы Президент жолдауы ықпал етті.

Осылайша, бұл мәселе жан-жақты зерттеліп, аталған сот өз жұмысын бастаған болатын. Ендеше, жаңадан құрылған Конституциялық Соттың жұмыс істеу механизмі қандай? Оның басты ерекшелігі неде, мақсат-міндеттері қандай? Сонымен бірге Конституциялық сотқа кім және қалай шағымдана алады? Бұл сауалдар реформаның ертеңіне алаңдаған талай жұртшылықтың көкейінде тұрғаны ақиқат. Сондықтан көлденең сұрақтарды басы ашық қалдырмай, қоғамның құқықтық сауатын көтеру аса маңызды.

Жаңа институт 2022 жылы 5 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот» туралы заңын басшылыққа алады. Заңнамаға сәйкес, Конституциялық Сот төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады. Төраға лауазымын Қазақстан Республикасының Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды. Ал орынбасарды Президент Конституциялық Сот төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайын-

дайды. Мұндағы төрт судьяны Президент тағайындаса, Конституциялық Соттың үш-үштен судьяларын Парламент палаталары төрағаларының ұсынуымен Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық Сот төрағасы мен судьяларының өкілеттігі сегіз жылға созылатынын да айта кету керек. Әрі бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды.

Өзіміз байқап, бақылап отырғандай, Конституциялық Соттың жаңа құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кіреді. Бұл құрамға жүктелер жұмыс, артылар аманат қомақты. Конституциялық Соттың бүгінгі ұжымына мызғымас заң үстемдігін қалыптастырып, азаматтардың әділдікке, теңдікке, тура төрелікке деген сенімін нығайту – міндет.

Жаңа мемлекеттік құрылымда демократияны дамытудағы Конституциялық Соттың рөлі маңызды. Өкілеттіктері бойынша, Конституциялық Сот неғұрлым кең құзыретке ие. Атап айтқанда, сот заңдардың ғана емес, орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің де Конституцияға сәйкестігін қарастыра алады. Ал Конституциялық Кеңес тек алдын ала бақылау жолымен заңды күшіне енгізген нормативтік-құқықтық актілерді қарайтын.

Өтініш субъектілері бойынша Конституциялық Сотқа жүгінетін субъектілер көп, ең бастысы, бұл құқық азаматтарға берілген. Конституциялық Кеңесте субъектілердің шектеулі тобы ғана болады, оған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана кіреді. Осыдан байқалып тұрғандай, Конституциялық Сот мәртебесінің айқындалуы және судьяларды сайлау тәртібі әрі құрылымдық мәселелері де Конституциялық Кеңестен өзгеше. Жаңа жұмысын бастаған бірегей құқықтық институт жұмыс тәжірибесінде де ел дамуына қызмет етіп, халықтың қорғанына айналса, нұр үстіне нұр болар еді.

АҚПАРАТТАР ШЫНАЙЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Қазақстанның сот төрелігі сот ісін жүргізудің ашықтығы мен жариялылығына негізделген. Бұл қағидаттар сот жүйесінің қызметі жайлы оң пікір қалыптастырумен қатар, сот төрелігіне деген сенім деңгейін арттырады әрі соттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимылының құқықтық негізі болып табылады. Мақсат, міндеттерінің, қызметтік әдістерінің ерекшеліктеріне қарамастан, соттар мен бұқаралық ақпарат құралдары бір ақпараттық кеңістікте жұмыс істейді. Бұл оларды өзара іс-қимылдың тиісті нысандарын дамытуға міндеттейді.



**Зарина РАХМЕТОВА,
Алматы гарнизоны
әскери сотының судьясы**

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда сот жүйесі ерекше орын алады. Соттар заңдарды орындау процесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ, заңды мүдделерінің сақталып, қорғалуын қамтамасыз етеді. Сондықтан сот жүйесінің қызметі туралы ақпараттарды объективті түрде қалыптастыру әрқашанда маңызды.

Жоғарыда айтқандай, сот ісін жүргізудің ашықтығы іс бойынша барлық дәлелдемелерді соттың ашық, жария және тікелей зерттелуін білдіреді. Ал, жариялылық, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сот талқылауына қатысушылардың ғана емес, басқа да адамдардың бақылаушы ретінде еркін қатысуына мүмкіндік береді.

Сот процестеріне басқа адамдардың қатысуы сот төрелігі қағидаттары мен тәртібінің

сақталуын қамтамасыз ететін қоғамдық бақылаудың бір түрі саналады. Тәжірибеден байқап жүргеніміздей, қазіргі уақытта азаматтар сотқа байқаушы ретінде сирек қатысады. Негізінен сотқа процеске қатысушылардың жақын-жуықтары келеді. Бұдан халықтың басым бөлігінің соттардың және жалпы сот жүйесінің қызметі туралы ақпаратты тікелей сот отырысы залынан емес, әртүрлі көздерден, мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарынан, т.б. алатынын көруге болады.

Мұндай жағдайлар БАҚ өкілдеріне соттардың жұмысы туралы ақпараттарды шынайы жеткізуде үлкен жауапкершілік жүктейді,

өйткені біржақты пікірлер көпшіліктің сот төрелігіне деген сеніміне барлық уақытта кері әсер етеді. Сот билігі мен БАҚ-тың қарым-қатынасы үйлесімді болуы екі жаққа бірдей байланысты. Соттар әрқашан «Тура биде туған жоқ» қағидасын ұстанғанымен, бұл заңдылыққа БАҚ-тардың бойұсына бермейтіні тағы шындық.

Қазір ақпараттар заманы, қандай да бір факті немесе оқиға туралы кім бірінші болып хабарлайды, қоғамдық пікірлер де сол сарында өрбиді. Кез келген ақпараттың халыққа сауатты жетуі блогерлер мен журналистердің дайындығына, сол мәселені терең білуіне байланысты. Осы себепті олардан өздерінің құқықтық білімдерін үздіксіз жетілдіріп отыру талап етіледі. Өкінішке қарай, бүгінде сот тақырыбына маманданған журналистер өте аз.

Мұны айтып отырғанымыз, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 29-бабына сәйкес, барлық соттар мен сот инстанцияларында қылмыстық істерді қарау ашық түрде жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келген жағдайда ғана жол беріледі. Бұл, әсіресе, қылмыстық процесте маңызды. Сот ісін жүргізудің жариялылығы қағидасы басқа принциптермен бірге қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеуге және жауапкершілікке тартуға бағытталған қылмыстық процестің міндеттерін орындайды. Осы талапқа сай, соттар бұл қағидатты кеңінен жүзеге асырып, барлық мүдделі тұлғалардың, соның ішінде БАҚ өкілдерінің сот отырысы залдарына еркін кіруін қамтамасыз етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуының негіздері «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға қосымша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы №100 нормативтік қаулысымен реттелген. Бұл ретте, аталған нормативтік қаулының 10-тармағының нормасына сәйкес, басты сот талқылауы кезінде суретке түсіруге, бейне және дыбыс жазбасын пайдалануға процеске қатысушылардың келісімімен және төрағалық етушінің рұқсатымен ғана рұқсат етіледі. Мұндай әре-

кеттер іс жүргізудің қалыпты жүруіне кедергісін тигізбеуі керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарының сотқа ықпалы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Бұқаралық ақпарат құралдары мен соттардың өзара іс-қимылының негізгі мақсаты сот төрелігінің жариялылық қағидаттарына негізделген соттардың қызметін объективті, сенімді және жедел көрсету болып табылады.

Сот жүйесі мен БАҚ арасында сындарлы және тиімді өзара іс-қимыл орнату әрқашанда өзекті. Бұл тұрғыда атқарылып жатқан шаралар аз емес. Судья қызметі де, журналист қызметі де кәсіби этика кодекстерімен реттеледі. Өкінішке қарай, жекелеген журналистердің сот жүйесіне нұқсан келтіретін, яғни, тексерілмеген ақпараттарды тарататын жағдайлары әлі де бар. Журналистер шындыққа жанаспайтын ақпараттардың этикалық ережелерге қайшы келетінін түсінуі керек.

Соттардың жұмыс істеу принциптері, ақпарат берудегі орын алған объективті шектеулер туралы заңнамалар үздіксіз насихатталуы тиіс. Себебі мемлекеттік, отбасылық, жеке өмірі құпияларын құрайтын мәліметтерді жария етуге жол бермеу маңызды қағидат болып табылады.

Мемлекет басшысының «Судьялар жабық корпорация іспеттес қоғамдық сыннан алшақ болмауы тиіс. Қоғамдық сын сыбайлас жемқорлық кеселіне ем болып табылады» немесе «Бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігері арқылы қоғамда сот билігіне жағымды және ілтипатты көзқарас қалыптастыру керек» деп судьялар корпусына қарата айтқан сөздері баршаға аян. Осыған орай, жалпы сот саласының алдына ақпараттық ашықтықты арттыру, жұртшылық және БАҚ-пен жұмысты күшейту міндеттері қойылды.

БАҚ – қай саламен болсын, халықты байланыстыратын алтын көпір. Біздің арамызда қызметтік әріптестік нық болуы керек. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара жұмыс істеп, халықтың құқықтары мен бостандығының қорғалуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Сот әділ, ақпарат шыншыл болса, әділдік туы биіктей түспек.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЗАДАН ҚҰТҚАРАДЫ

Дүние жүзінде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші жоғары. Соңғы деректер елімізде жыл сайын 10-15 мың жол-көлік оқиғалары тіркеліп, салдарынан 2 мыңға жуық адамның қаза табатынын көрсетіп отыр. Бұдан көлік апаттарынан келетін қауіп-қатердің басқа қылмыс түрлерінен кем емесін аңғаруға болады. Жол апаттарының басым көпшілігі жүргізушілердің кінәсінен орын алатынын ресми деректер жоққа шығармайды. Халықтың жол ережесін сақтау мәдениетін қалыптастыру бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі саналады.



**Аруслан ШАМУРАТОВ,
Қонаев қаласының әкімшілік
құқықбұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы**

Жол жүру немесе көлік құралдарын басқару ережелеріне қатысты заңдардың жылдан-жылға қатаюына алкогольді ішімдіктер мен уытқұмарлық заттарды пайдаланып рульге отыратындар, сондай-ақ, басқа да құқықбұзушылықтарға баратындар санының артуы мен жол апаттарының көбеюі себеп болды. Осыған байланысты айтар болсақ, көліктегі құқықбұзушылықтарға арналған жаза түрлері қылмыстық заңмен күшейтілді. Егер абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірілсе, кінәлі адамның белгілі бір лауазымды атқару, қызметпен айналысу құқығы екі жылға дейін шектеледі, сонымен қатар, оған 160 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін

айыппұл салынады немесе осы мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылып, 40 тәулікке дейін қамауға алынады.

Айыппұл көлемі мен жаза мерзімі денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығына қарай ұлғайып отырады. Мысалы, ден-

саулыққа ауыр зиян келтірілсе, белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі үш жылға, айыппұл мөлшері екі мың АЕК-ке, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы екі жылға көбейеді. Апат салдарынан адам өмірі қиылса, оны жасағандар белгілі бір қызметпен бес жылға дейін айналысу құқығынан айырылып, бес жылға қамауға алынады. 345-баптың бірінші бөлігінде көзделгендей, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне себеп болғандарды белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы жеті жылды құрайды, бұған қоса ол бес жыл мен он жыл аралығында бас бостандығынан айырылады.

345-1-баптың талабына сәйкес, мас күйде көлік айдап, жол ережесін бұзуға адам денсаулығына орташа зиян келтірілген жағдайда белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейін айыруға, сонымен бірге, бір мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, осы мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не осы мерзімге бас бостандығынан айыруға негіз болады. Денсаулыққа ауыр зиян келген немесе адам өліміне соққан жағдайда жаза түрі бұдан да қатая түседі.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 608-бабында жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беруі он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келетіні нақтыланған.

Осыған қарамастан, қоғамымызда өз ісінен сабақ алмайтындар бар. Көлік құралын басқару құқығынан айырылғандардың рульге мас күйінде отыру жазасы Қылмыстық кодекстің 346-бабымен дәрежеленеді. Аталған баппен автокөлік құралдарының барлық түрін басқару құқығынан өмір бойына айыру санкциясы көзделген. Сонымен бірге жүргізуші куәлігінсіз автокөлікті масаң күйде жүргізген адамға белгілі бір қызметті неме-

се лауазымды атқаруға өмір бойына тыйым салынады. Бұған қоса, ол бес мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл төлеуге міндеттеледі немесе бес жылға бас бостандығынан айыруға жазаланады. Көлігін басқа адамның масаң күйде жүргізуіне жол бергендер де осындай жаза арқалайды. Әр адам әкімшілік жауаптылықтан кейін қайталап мас күйінде көлік жүргізу қылмыстық жауаптылыққа алып келетінін білгені жөн.

Рульге масаң күйде отырып, адам денсаулығына зиян келтірген жағдайда қолданылатын жазалар бұдан да ауыр. Масаң күйде көлік жүргізіп, денсаулыққа жеңіл түрде нұқсан келтіргендерге төрт пен алты жыл аралығында бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Дәл осындай күйде денсаулыққа абайсызда ауырлығы орташа зиян жасағандар бес пен жеті жыл, абайсызда ауыр зиян келтіргендер алты және сегіз жыл аралығында бас бостандығынан айырылады.

Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу жазасы 347-баппен сараланған. Қылмыстық кодекстің 345, 345-1, 346-баптарында көзделген ауыр зардаптарды туындатқандардың жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуының соңы белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға әкеп соғады. Бұдан басқа бір мың АЕК-ке дейін айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу не алты жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, екі жылға дейін бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

Әрбір адам заң талаптарын ескермеу мен жол ережелерін бұзудың құқықтық салдары ауыр болатындығын түсінуі керек. Тәртіп баршаға ортақ, сондықтан заңмен айқындалған ауыр қылмыстарда татуласу мүмкіндіктері қарастырылмаған. Құқық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалардың басым көпшілігі алкогольдік ішімдіктің салдарынан орын алатыны талассыз шындық, осы себепті, көлік тізгіндегендер өздерінің ғана емес, айналасындағы әрбір адамның өміріне жауапты екенін есте ұстағандары жөн. Жауапкершілік кез келген жол апатының алдын алады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӨКІЛЕТТІК СЕНІМХАТПЕН РАСТАЛАДЫ

Еліміздегі әрбір құқықтық реформа зайырлы мемлекет қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан, заңның үстемдік құруында ел азаматтарының құқықтық сауаты мен мәдениеті жоғары маңызға ие. Заңды білген адам барлық уақытта өзін қорғай алады. Азаматтың белгілі бір себептерге байланысты сот отырысына қатыспауы өзінің құқықтарын қорғауына кедергі келтірмейді. Мұндай кезде ол өзінің құқығы мен заңды мүддесін өкілі арқылы қорғай алады.



**Азамат ШОЙБЕКОВ,
Қарасай аудандық сотының
судьясы**

Конституцияға сәйкес, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Көп жағдайда азаматтар өкілдің көмегіне жүгінеді. Ал сотта өкілдік етуге жоғары білімді заңгерлер, яғни, адвокаттар мен заң консультанттары палатасының мүшелері құқылы. Жалпы, сотта өкілдік етудің мақсаты өзін өкіл етуші тұлғаны сотта қорғау, заң көмегін көрсету, сот барысында сотқа қаралып жатқан іс бойынша дұрыс бағыт беру және дұрыс шешім қабылдауына жәрдем беру болып табылады.

Сотта істі азаматтардың өздері немесе өкілдері жүргізеді, ал өкілдер өзге азаматтардың құқықтарын сенімхаттың негізінде

қорғайды. Сондай-ақ, сотқа жүгінушілер іске өздері қатысса да, өкіл алуға құқылы.

Азаматтық процестік кодекстің 57-бабының 2-тармағына сай, заңды тұлғалардың істері заңмен немесе басқа да құжаттармен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін

басшылар және өзге өкілдер арқылы жүргізіледі. Мұндай жағдайда басшы сотқа қызмет бабын немесе өкілеттігін куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

Тапсырма бойынша өкілдік ету нормасы осы кодекстің 58-бабымен белгіленген. Айтып өтерлігі, судьялар мен тергеушілерге, прокурорларға, Парламент немесе жергілікті органдардың депутаттарына сотта өкіл болу құқығы берілмеген. Сонымен қатар, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң талаптарын бұзған адвокаттар мен заң консультанттары палатасының мүшелері тапсырма бойынша өкілдік ете алмайды. Бұл қатарға тағы кімдердің кіретіні 59-баптың 3-бөлігімен анықталған. Тапсырма бойынша өкілдер шеттетілген кезде басқа өкілдің өкілеттігін ресімдеуге және оның іс материалдарымен танысуына сот бес күн береді.

Өкілдің өкілеттіктері Азаматтық процестік кодекстің 60-бабымен айқындалған. Мәселен, тапсырма бойынша өкіл аталған кодексте көзделген барлық процестік әрекетті жасайды. Бірақ осы баптың бірінші бөлігіндегі процестік әрекеттерді жасауда өкілге берілетін өкілеттіктер сенімхатта жеке-дара көрсетіледі.

Жоғарыда айтып өткендей, өкілдің өкілеттіктері заңды түрде ресімделген сенімхатпен расталуы тиіс. Тапсырма бойынша өкіл өзіне берілген өкілеттіктер шегінде өз мүддесін білдіретін адамның процестік құқықтарына ие болып, міндеттерін атқарады. Ал, кәсіподақтар мен басқа да ұйымдардың уәкілетті өкілдері сотқа құжаттарды АПК-нің 58-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) тармақшаларының тәртібімен береді.

Адвокаттың нақты іс жүргізу өкілеттігі қызметтік куәлігімен және қорғау туралы хабарламамен жазбаша түрде рәсімделеді. Бұған қоса, оның 60-баптың бірінші бөлігінде көзделген процестік әрекеттерді жасауы сенімхатпен куәландырылады. Заңды тұлғаның атынан сенімхатты тиісті басшы немесе уәкілеттігі бар тұлға береді. Егер бір немесе бірнеше талап қоюшы азамат сотқа талап қою арызын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы тапсырған жағдайда, талап арызға тек өздерінің ЭЦҚ қою арқылы

жүгінеді. Енді 62-бапта көрсетілген заңды өкілдер жайлы түсінік берсек, сотта әрекетке қабілетсіз азаматтар мен кәмелеттік жасқа толмағандарды, сондай-ақ сот әрекет қабілеті шектеулі деп танығандарды заңды өкілдері, яғни, ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа адамдар қорғайды. Бұл үшін олар сотқа өздерінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарды ұсынады. Өкілдер сенімхат негізінде сот өндірісіне қатысы бар адамдар құқықтарының қорғалуына жәрдемдеседі.

Хабарсыз кеткен азаматтардың да құқығы заңмен қорғалған. Мысалы, адам хабарсыз кеткен жағдайда оның мүлкіне қорғаншылықты жүзеге асыратын тұлға өкіл болады. Ал, мұрагерлікке қатысты істерде мұраны ешкім қабылдамаса, мүлік өзіне сенімгерлік басқаруға берілген мұрагер өкіл ретінде әрекет етеді. Заңды өкілдердің барлық процестік әрекетті заң шеңберінде жасап, істі сотта жүргізуді басқа өкілге тапсыра алатыны 62-баптың 4-бабымен нақтыланған.

Кәмелетке толмаған, сондай-ақ әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамның заңды өкілі шектелген құқықтар көлемінен туындайтын міндеттемелер нысанасы болып табылатын істерді қарау кезінде осы адамның мүддесінде барлық процестік әрекеттерді өз бетінше жасайды.

Сотта сенімхат бойынша өкілдік ететіндер «Сот кабинеті» арқылы сотқа талап қою арызын жолдағанда процестік заң нормаларын басшылыққа алады. Заң нормасы сақталмай, арызға өкілеттігі жоқ адамның қол қоюына мүмкіндік берсе талап қою арызы кері қайтарылады. Арызды қайтару талап қоюшының сотқа қайтадан жүгінуіне кедергі болмайды.

Сотта өкілдік ету – жауапкершілігі жоғары іс. Осы себепті сенім білдірушілер мен сол сенімге ие болушылар заң талаптарын жан-жақты білулері және оны мүлтіксіз орындаулары керек. Азаматтар көп жағдайда істің қаралу нәтижесі заңдық білім-біліктеріне байланысты болатынын есте ұстағандары жөн.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ҚИЫНДЫҚТА ШЫҢДАЛҒАН, ТАЛАЙ БИІК ШЫҢДЫ АЛҒАН



Қоғамдық-экономикалық формация мың жерден өзгерсе де, тәртіп сақшыларының еліміздің тыныштығын сақтап, азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету жолында маңдай терін төгіп, абыройлы қызмет ету, берген антына адал болу секілді функционалдық міндеттері бар. Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Руфат Қабиевтің атына айтылатын жылы лебіздерді жиі естиміз.

«**Н**ағыз жауынгердің қасиеттерін тәрбиелеуде дәстүрлер, патриотизм мен тәртіптің зор мағынасы бар», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, ата-дәстүріміз бен отаншылдық қасиетіміздің өз ұясы іспетті шежірелі мекен, күллі Қазақстан бойынша тұңғыштардың Отаны атанған Бөкей ордасы ауданына қарасты Мұратсай ауылында 1986 жылы 15 маусымда дүниеге келдім», – деп әңгімесін бастады Руфат Ғұбайдоллаұлы.

– Әкем Ғұбайдолла Қабиев кеңшарда бас инженер, анам Қарлыға Ахонқызы есепші болып еңбек етті. Отбасындағы ағайынды жетеуіміздің мектепте озық оқып, үлгілі де тәртіпті, еңбекқор болып өсуімізге ата-анамызбен бірге әкемнің анасы, баршамыз «мама» деп атаған аяулы Әсима әжемнің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сүбелі сөзді сүйегіне сіңірген, әуелетіп салған әуезді әнімен жүректі тербеген, суырыпсалма ақындығы бар әжем ауылға сыйы артқан адам болатын. Тереңнен толғап, жүректі қозғайтын әсерлі әңгімесі арқылы біздерді адамгершіліктің биік шыңы адалдыққа, кісіге қылдай қиянат жасамауға тәрбиелеген аяулы әжем туысқандар арасындағы мызғымас бірліктің, ұйыған ынтымақтың өзегі, отбасының құты мен берекесі, жарығы мен жылуындай болатын.

Кеңес Одағының Батыры А. Құсайынов атындағы жалпы білім беретін орта мектепте білім алған тұсымда тарих, құқық пәнін сүйіп оқи жүріп, болашақта заңгер мамандығын игеріп, соның ішінде полиция қызметкері болуға нық бекіндім. Балалық арманым орындалып, 2005 жылы Батыс Қазақстан Инженерлік-технологиялық университетінің Инженерлік-технологиялық колледжін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. Кураторымыз Алтын Меңдіғалиева арнайы пәндерден алған білім негізіміздің мықты болуын қатаң қадағалайтын. Студент кезімізде қалалық, облыстық соттардың сот процестеріне жиі қатыстық. 2006–2007 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Луговое стансасындағы

№4262 әскери бөлімнің мотоатқыштар ротасында азаматтық борышымды өтеген соң, 2007–2010 жылдары Орал қаласында «Титан металл» жеке кәсіпкерлік мекемесінде заңгер болып қызмет атқардым. Осы аралықта БҚО Полиция департаментіне түйінде-мемді тапсырып қойған едім. 2010 жылдың 12 ақпанынан бастап ішкі істер саласындағы қызметім басталды.

2010–2012 жылдар аралығында Жәнібек ауданының Жақсыбай ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының көмекшісі болып қызмет атқарғанымда, тәлімгерім Құттыбек Мұстафиннен хаттама толтырудан бастап, қылмыстың ашылу жолдарын үйрене бастадым. Ең алғаш жұмысқа кірген кезімде асқан қатыгездікпен адам өлтірген қаныпезерді қолға түсіру барысында оның тарапынан маған жасалған шабуыл салдарынан ішімнен пышақ жарақатын алғанымға қарамастан, оны құрықтап, қолына кісен салғаным ешқашан есімнен кетпейтін оқиға болып қалды. Кейін соттың үкімімен күдіктінің жасаған қылмысы толық дәлелденіп, мінез-құлқында психологиялық ауытқушылығы болғандықтан, мәжбүрлеп емделуге жіберілді.

2012–2015 жылдар аралығында Ұзынкөл, Борсы ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының міндетін атқардым. Жылдар өткен сайын үнемі іздену, еңбектену, әріптестеріммен өзара іс-тәжірибе алмасу арқылы кәсіби тұрғыдан біліктілігімді арттырудан жалықпадым. Еңбек ете жүріп, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, «Құқық бакалавры» дәрежесіне ие болдым. 2015 жылдан бастап үш жыл бойы Тау ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының міндетін атқарсам, 2023 жылдың үшінші ақпанына дейін Тау ауылдық округінде жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы ретінде «Жұртқа жақын полиция» қағидатымен қоғаммен тығыз серіктестікте өнімді еңбек еткен жайымыз бар.



Әлі есімде 2015 жылы өзім қызмет ететін учаскеде анасының айтқан шағымы негізінде дәрігерлік тексерілуден өткен бірінші сыныпта оқитын бүлдіршіннің зорланғаны туралы аудандық аурухана арқылы біздің полиция бөліміне мәлімет түсті. Зорлық көрген жеткіншектің анасымен азаматтық некеде тұратын Н. есімді күйеуі күдіктіні іздестіру барысында «Қызымның өмірін күйреткен қорлаушының жазасын қолыма түссе, өзім беремін» деп кіжініп, қасымда бастан-аяқ бірге жүрді. Қамқоршы жанның кейпін танытқан өгей әке «Қашан сараптама қорытындысы шығады?» деп сұрай бергендіктен, қылмыстық оқиғалардың сұрағы көп, күмәні қалың, жауабын табуға қиналған кезеңдерінде кәсіби білігіме, ішкі түйсігіме иек артатындықтан, күдігім Н.-ның өзіне түсе берді. Оның өзін тергеуге алдым. Ішкі түйсігім алдамаған екен, сараптама қорытындысы шықпай тұрып-ақ тергеу барысында ол өгей қызын өзі зорлап, «Анаңа айтпа» деп қорқытқанын толық

мойындады. Аса ауыр санаттағы қылмысты тез ашып, қылмыскер сот үкімімен он жеті жылға абақтыға жабылды.

Тау ауылдық округінде қызмет атқарған жеті жылдың ішінде ауыл әкімдерімен және жалпы білім беретін орта мектеп ұжымымен бірлесе құқықбұзушылықтың алдын алу, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында та-

нымалдылық, қолжетімділік, ашықтық қағидатына сүйене отырып бір бағытта жұмыс жасаудың нәтижесін көре білдік. Жәнібек аудандық ІІБ-нің бөлім бастығының орынбасары болған полиция подполковнигі Берік Төлеуов адами қасиеті, біліктілігімен бәрімізге үлгілі жан болды. Ол кісі зейнеткерлікке шығып кетсе де, әлі күнге дейін хабарласып, ақыл-кеңес сұрап отырамын.

Жалпы, қылмыс түрлері ауылда мал, ұсақ ұрлық, киік атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу, отбасылық жанжал, келіспей қалу фактілері бойынша тіркеліп отыратыны белгілі. 2022 жылы Тау ауылдық округі бойынша 71 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тіркелген 7 қылмыстың барлығы 100% ашылған болатын, – деген Руфат Ғұбайдоллаұлының сөзінен сынаққа сынбайтын, қиындыққа қиылып кетпейтін қайсар болмысын көрдік.

Атқарған әр ісін тереңнен қаузап, Ажеріне жеткізіп, жілігін шағып, жан-жақты зерттеп, күні-түні уақытпен санаспастан еңбек етіп жүрген Руфат Ғұбайдоллаұлының төгілген терінің төлеуі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қ. Қасымовтың 2018 жылғы маусымдағы бұйрығымен II дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2017 жылы БҚО бойынша өткізілген «Ең үздік учаскелік инспектор» сайысында Жәнібек ауданы атынан қатысқан ол «Ең құрметті учаскелік полиция инспекторы» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. 2019 жылы үздік учаскелік полиция инспекторларын анықтау мақсатында БҚО полиция департаментінде өткізілген «Мамандығы бойынша үздік учаскелік полиция инспекторы» байқауына қатысып, Жәнібек ауданы бойынша «Үздік учаскелік полиция инспекторы» жеңімпазы болып, БҚО полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі С. Сүйінбаевтың атынан грамотамен марапатталды.

2019 жылы ҚР Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының слетіне қатысқаны үшін Ішкі істер министрлігі әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция полковнигі М. Байболовтың атынан куәлікке ие болды. 2021 жылы қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты ҚР Ішкі істер министрінің грамотасымен марапатталды. Қызметтік борышын және қойылған міндеттерді мінсіз орындағаны үшін әр жылдары БҚО Ішкі істер департаментінің аудандық полиция бөлімінің мақтау қағаздарына ие болды.

2022 жылдың желтоқсан айында Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауын қоғамға кеңінен

насихаттау мақсатында «Bilim-orkeniety» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы» атты республикалық байқауында заң саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы» атты төсбелгісімен марапатталып, I дәрежелі дипломын алды.

Жанға жылулық сыйлап, жүрекке шуақ төккен жас отбасының шаңырағында өрбіген әңгімеден қарағайдай қайсарлықты, тасжарғандай төзімділікті, шарболаттай шыдамдылықты талап ететін мамандығын құлай сүйген азаматтың алаңсыз жұмыс жасауына бар жағдайын туғызып, мақтауын асырып отырған зайыбының ақылдылығына, отбасында салтанат құрған өзара жарасымға тәнті болғанымды жасыра алмадым.

Жарқын жүзді, ашық дидарлы жары Сымбат Жәнібек аудандық Мәдениет үйінде мәдени ұйымдастырушы болып қызмет жасайды. Бүгінде періште патшалығы салтанат құрған шаңырақта Бақытнұрдың балбөбек інісі Әлинұр мен қарақат көзді қарындасы Алина өсіп келеді. Заң – мемлекеттің тоғыз қабат тор көзді сауыты десек, ауданымыздағы заңдылық пен құқықтың қорғалуына, құқықбұзушылықты болдырмауға тікелей жауапты тұғырлы қызметтің тұтқасын берік ұстап отырған Руфат Ғұбайдоллаұлына еңбегіңіз жемісті болып, ғұмыр күймеңіздің керуен жолындағы ізі сайрай берсін демекпіз.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей бөлімінің
меңгерушісі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ЕЛДЕН ШЫҒАРУ НЕГІЗДЕРІ



Қазақстанға шетел азаматтары әртүрлі жағдайларға байланысты келеді. Сондықтан мемлекет алдында оның аумағына келуші шетел азаматтары ие болатын құқықтар мен міндеттер барлық уақытта маңызды. Мұндай мәселелерді шешуде кез келген мемлекет халықаралық-құқықтық нормаларға сүйенеді. Осы себепті халықаралық құқық нормалары шетел азаматтарының құқықтық жағдайын реттеуге бағытталады. Республика бекіткен халықаралық шарттардың ел заңдарынан басымдығы болатыны және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылатыны Конституциямен айқындалған.

Қазақстандағы шетелдіктер, Конституцияда белгіленген және Республика заңдары мен мемлекетіміз ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес, барлық құқықтар мен бостандықтарға ие, сондай-ақ, оларға барлық міндеттер жүктеледі. Яғни,

Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланып, міндеттерін атқарады. Шетелдіктер өздеріне тиесілі

мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды қорғауы үшін сотқа, Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге және өзге де мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы.

2019 жылғы қарашада мемлекетіміз жалпыға бірдей тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнаманы толықтырып, 2020 жылдың қыркүйек айында азаматтықтың болмауын анықтаудың ұлттық тетігін енгізді. Осыған орай, 2020 жылдың қазаны мен 2022 жылдың мамыры аралығында Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті Әділет министрлігімен және БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі агенттігінің серіктестерімен бірігіп азаматтығы айқындалмаған тұлғаларды анықтау және оларды құжаттандыру бойынша жалпыұлттық науқан жүргізді. Нәтижесінде 8 822 азаматтығы белгісіз адам есепке алынып, тиісті шаралар қабылданды. Жалпы алғанда мұндай істер азаматтығы жоқ азаматтардың проблемасын анықтап, шешу мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан заңнамасын бұзған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ел аумағынан шығарылуына мынадай жағдайлар негіз болады. Атап айтқанда, іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келген, сондай-ақ, ел азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болған кезде, заңнама талаптарын бұзғандар, тағы басқа заңмен көзделген реттерде республика шегінен тыс жерге шығарып жіберілуі мүмкін.

Шығарып жіберу туралы арыз бойынша іс қарау нормалары Азаматтық процестік кодекстің 49-тарауында бекітілген. АПК-нің 382-бабына сай, мұндай арызды ішкі істер органдарының қызметкерлері олардың болған немесе тіркелген жеріндегі сотқа береді. Республика шегінен тыс шығарып жіберу туралы арызда заңнаманың бұзылғаны туралы куәландыратын мән-жайлар жазылып, оны растайтын құжаттар қоса беріледі. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ел аумағынан тыс шығарып жіберу туралы арыз іс қозғалған кезден бастап он күн ішінде тиісті адамның міндетті түрде қатысуымен қаралады.

Сот шығыстары мен осы мақсатта жұмсалатын шығыстарды іске қатысы бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар немесе ұйымдар, жеке тұлғалар көтереді. Аталған адамдарды шығарып жіберу бойынша шығыстарды өтеуге қаражаты болмаса, тиісті іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды. Тиісті адамдар сот шешімін көрсетілген мерзімде орындауға міндетті. Бұдан әрі нақтылар болсақ, Азаматтық процестік кодекстің 385-бабына сай, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы сот шешімі заңды күшіне қабылданған күннен бастап енеді. Сот шешімі шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан аумағынан тыс шығарып жіберуге негіз болады.

Соттың шешімі орындалу үшін ішкі істер органдарына жіберіледі. Аталған кодекстің 386-бабымен шығарып жіберу туралы сот актісін орындауды тоқтата тұру нормасы да қарастырылған. Мысалы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының аумағынан кеткенге дейін, яғни, сот көрсеткен мерзімге дейін шағым немесе наразылық келіп түссе, мұндай жағдайда, ол адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы сот шешімі шағым немесе наразылық қаралғанша тоқтатыла тұрады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған жолдауында Қазақстан барлық адамдардың негізгі құқықтарын құрметтеуге және оларды жетілдіру мен нығайтуды жалғастыруға бейілді екенін жеткізген болатын. Президенттің бұл сөзі елдің және оның халқының бейбіт, тұрақты дамуы үшін маңызды. Қазақстан Үкіметі 2022 жылғы сәуірде қабылдаған Адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы шаралар жоспары азаматтығы жоқ адамдарға қатысты мәселелерді қамтиды.

Майра КАЛИЕВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Қайрат ЖУРУНОВ,

Жетісу облысы криминалдық полиция басқармасының басшысы полковник:

«ДРОППЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЗАҢ ҚАЖЕТ!»



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті жолдауында интернет алаяқтықпен күресті күшейту керектігін айтып: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн», - деген болатын. Шындығында да, бұл мәселе бүгін халық үшін аса өзекті, күрделі жағдайға айналды. Елде алаяқтықтың барлық түріне қарсы заң бар. Қадағалау да артты, онымен күрес те күшейді. Алайда статистика азаяр емес. Осы ретте біз интернет-алаяқтық, өңірдегі ахуал жайлы Жетісу облысы криминалдық полиция басқармасының басшысы, полковник Қайрат ЖУРУНОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Қайрат Мұхаметқалиұлы, Жетісу облысында алаяқтық қылмыстары бойынша соңғы ахуал қандай? Бұл індетпен қалай күресіп жатырсыздар?

– Былтырғы жылмен салыстырғанда, интернет алаяқтық деректері 53,8 пайызға көп. Облыс аумағында 2022 жылдың алты

айында 184 интернет-алаяқтық фактісі тіркелсе, 2023 жылдың алты айындағы дерек бойынша, 283 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Интернет-алаяқтық деректерінің басым көпшілігі облыс орталығы Талдықорған қаласына тиесілі. Яғни, 231 дерек осы қалада орын алған. Алаяқтардың

уысына әдетте егде кісілер түседі дейміз, ол рас, алайда өкінішке қарай бұл деректерде алданған жастардың да қарасы аз емес.

– Алаяқтық көбіне қандай сипатта көрініс табады? Тіркелген деректер ішінде қандай жағдайлар жиі кездеседі?

– Алаяқтықтың ең көп тараған түрі – интернет арқылы тауар сату. Алаяқтар Kolesa.kz, OLX сайттарын, Whatsapp, instagram месенджерлерін пайдаланады. Олар мүліктің құнын төмендетіп көрсетіп, басқа ресми сату жарияланымдарының суретін пайдаланып, жалған жарнама береді. Ал қызығып хабарласқан адамға «міне, басқа клиенттер хабарласып жатыр, алатын болсаң, алдын ала төлем жаса, броньдап қой» деп реквизит жіберіп, төлем жасатып, төлем жасалған соң, ізім-ғайым жоғалып кетеді. Облыс бойынша ашылған фактілер бар. Бірақ, көп жағдайда жәбірленушілер бізге кеш жүгініп жатады. Оның үстіне ақшаны жібергеннен кейін, ол ақша Ресей, Украина сынды шет мемлекеттердегі дропперлердің шоттарына түсіп кетеді. Сол себепті бізге жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу, ашу қиынға соғады.

– Оқырмандарға түсінікті болу үшін «дроппер» терминіне анықтама бере кетсеңіз.

– Дроппер – бұл банк карталарынан қаражат алудың заңсыз схемаларына қатысатын адамдар. Мысалы, кей жеке тұлғалар түрлі жағдайларға байланысты өз атына ұялы нөмер тіркеп немесе банк шоттарын ашып, алаяқтарға сатып жібереді. Алаяқтар ол шоттарды, нөмерлерді өз арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін пайдаланады. Бізде дропперлерге арналған арнайы заң жоқ. Жыл сайын алаяқтар жаңа тәсілдер ойлап тауып жатады. Мәселеге байланысты дропперлерді заң шеңберінде жауапкершілікке тарту бойынша арнайы ұсыныстар тасталды. Бүгінде Ішкі істер министрлігі полиция департаментімен ақылдасып, заң жобасын қарастыруда.

– Өзгелерге сабақ болу үшін бірнеше мысал келтіре кетсеңіз.

– Жақында ғана бір жағдай орын алды. 29 шілде күні 1983 жылғы азаматша арызданды. Алаяқтар 10 млн теңгесін иемденіп

кеткен. Азаматша интернеттен «оңай жолмен ақша тапқың келсе, сілтемеге өт» деген жарнаманы көрген, сол сілтемеге өткен, оған тіркелген. Тіркелгеннен кейін онымен ресейлік нөмермен белгісіз тұлға байланысқа шығып «трейдинг платформ» деген платформаны жүктеткен. Басында ол қыз әлгі платформаға 200 000 теңге салған, алаяқтар оның сеніміне кіру үшін қыздың ақшасын 300 000 қылып қайтарып берген. Біртіндеп ол қаражат мөлшері көбейе береді. Жүре келе ол қыз миллион теңге салады, кейін тағы да көлемді қаржыны бірнеше рет салып, алаяқтардың «салыққа, аудару комиссиясына» деген сұраныстарын қанағаттандырып отырып, өзінің 10 млн теңгесін қалай салып жібергенін білмей де қалған. Ал, ол ақшасы кейін қайтпаған. Ол азаматша бұл әрекеті жайлы ешкімге айтпаған. Негізі бұл жағдай 10 маусым мен 5 шілде арасында орын алған. Сөйтіп, ол өз ақшасын алаяқтарға өзі салып беріп отыр.

Қоғам болғаннан кейін одан өзге де осыған ұқсас жағдайлар көп орын алады. Мысалы, қарт кісілердің телефонына қоңырау соғатындар көп. «Сіздің туысыңыз, балаңыз немесе немереңіз жол-көлік оқиғасына түсті, дереу ақша керек» деп, тіпті телефон соққан кезде, телефонды қойғызбай, ар жақтан балаларының, немерелерінің дауыстарын келтіріп, ақша сұраған фактілер де бар. Алаяқтар көбіне телефон соққан кезде тұтқаны қойдырмауға тырысады. Эмоциямен ойнап, сол сәтте ақшаны аудартып алғылары келеді. Тіпті, адамдарға, жақындарына телефон соғып, қал-жағдайын білуге мүмкіндік бермейді. Алаяқтар телефон тұтқасын дегендеріне жеткен кезде бір-ақ қояды, ал жәбірленушілер жақындарымен байланысып, ешқандай оқыс оқиға болмағанын сол кезде барып бір-ақ түсінеді. Аталған жайттар тек Жетісу облысында ғана емес, республика қалалары бойынша да көп тіркеледі әрі өте өзекті. Алаяқтардан амал артылған ба, осы сынды жағдайлардың түр-түрі күн сайын орын алып жатыр. Мұның бәрі, әрине, бізді қынжылтады.

– Бұндай жағдайларға қатысты құзырлы органдардың әрекеті, яғни, күн сайын

түрленіп шығып жатқан алаяқтықпен қалай күресіп жатырсыздар?

– Жағдайға байланысты үшінші тоқсанда мәселені жедел тұрақтандыруға, тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдастыру және практикалық іс-шаралар жоспарланды. Интернет-алаяқтықтың жаңа тәсілдерін көпшілікке түсіндіре отыра, сақтық шараларын жариялай бастадық. Оны банк қызметкерлерімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялап, сақтандырып жатырмыз. Құқықтық сауатты арттыру қажеттігін айтып отырмыз.

Профилактикалық материалдарды жариялау қазіргі таңда жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Оқу орындарында да мамыр айында кәмелетке толмағандармен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көбіне жастар жұмыс іздегендіктен, жиі осындай алаяқтардың құрбаны болып жатады, жеңіл ақша тапқысы келеді.

Интернет кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстық білім бөлімімен бірге бірлескен жұмыстар атқардық. Қоғамдық орындарда базарларда, вокзалда, сауда үйлерінде брошюралар таратып, алдын алу шараларын жүргіздік. 16-21 шілде аралығында «Алаяқтыққа жол жоқ» атты жедел-профилактикалық іс-шарасын өткіздік. Шараға полиция департаментінің барлық басқармаларының қызметкерлері жұмылдырылды. Әр үйге бару арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпарат жеткізу каналдарының аясын алдағы уақытта тағы кеңейтпекпіз. Коммуналды квитанциялардың артына да арнайы ақпарат орналастыру жоспарда бар. Алаяқтықтың жаңа тәсілдері жайлы ұялы байланыс құралдарына смс-тер жолдануда.

– Бұл жұмыстарыңыздың нәтижесі қандай?

– Алға қарай ілгерілеу бар. Бір мысал келтіре кетейін. Жақында мынадай жағдай орын алды. Алаяқтар қария кісілерді көп алдайды деп сөз басында да айттық. Егде кісілердің үй телефонына бөгде біреу қоңырау соғып, жинақтап отырған 3 млн теңгесін

алып кетпек болған. Қариялар үйде өздері ғана тұрады екен. Үйде қарапайым түймешелі телефоннан басқа байланыс құралы да жоқ екен. Бірақ жүргізілген шаралар арқасында не істеу керегін дереу түсініп, 102-ге хабарласып, болып жатқан жағдай жайлы құқық қорғау органдарына хабарлаған. Оқиға орнына жедел жеттік, бірақ алаяқтар үйге жақындай қоймады. Дегенмен, интернет алаяқтық фактілерінің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі бар екенін осыдан байқадық.

– Алаяқтықпен күресудің тағы қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

– Құқық қорғау орындары қазір бұл мәселе тұрғысында үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Одан бөлек, киберқылмыстың трансшекаралық сипатын ескере отырып, олардың республика бойынша бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді күшейту керек. Ішкі істер органдары және банк қызметкерлері үшін қолжетімділігі шектеулі республика бойынша бірыңғай деректер қорын құру қажет. Бұл деректік қор, әсіресе, жоғарыда айтып өткен дропперлермен жұмыс жасауда үлкен көмек болмақ.

– Көпшілікке қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– «Сақтықта қорлық жоқ» деген. Алаяқтардың құрбанына айналмас үшін ешқашан алдын ала төлем жасамаңыздар. Картаңыздың, жеке есепшотыңыздың мәліметтерін ешкімге бермеңіздер. CVV код пен құпия сөзді жасырын ұстаңыздар. Белгісіз нөмірлерден сіздің ұтысқа ие болғаныңызды айтып хабарласатын болса, сақтықпен қараңыздар. Күмәнді сілтемеге өтпеңіздер. Күмәнді қоңыраулар болса, істің ақ-қарасын білу үшін тұтқаны қойып, анығын анықтап алыңыздар. Жағдай туған-туысқа, мейлі банкке қатысты болса да, мәселені алдымен зерттеу керек. Кез келген жағдай бойынша 102-ге хабарласып не жергілікті бөлімшеге жүгіне аласыз. Қаржылық сауат маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Нұрбол ЖЫЛЫС

ТАУАРДЫ ҚАЙТАРЫП-АЙЫРБАСТАУҒА БОЛАДЫ



Қазақстанның тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделеді және ҚР Азаматтық кодексінен, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңынан, Қазақстанның өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Аталған заң тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ, тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды. Сауда орындарынан, сондай-ақ интернет ресурстары арқылы сатылатын тауарлар жарнамасынан «тауарды айырбастауға, қайтаруға жатпайды» деген жазуларды кездестіруге болады. Алайда, бұл ескертулер заңға қайшы.

Осы тұрғыдағы заң талаптарына тоқталсақ, аталған заңның 7-бабына сай, тұтынушылардың:

- тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет туралы, сондай-ақ, сатушы, дайындаушы, орындаушы туралы ақпарат алуға;

- қауіпсіз тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алуға;

- тауарды еркін таңдауға;

- тауардың, көрсетілетін қызметтің тиісті сапасына;

- тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;

- тауардың немесе қызметтің кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалды толық көлемде өтетуге;

- сатушыдан, дайындаушыдан, орындаушыдан тауарды сатып алу, жұмысты орындау, қызметті көрсету фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу, т.б. кезінде жасалған шартты алуға;

- моральдық зиянды өтетуге;

- өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Сот тәжірибесінде көбінде тұтынушылардың тиісті сападағы тауарды айырбастау немесе қайтарып беру құқығын қорғау туралы істер кездеседі. Мысалы, осы заңның 14-бабында көрсетілгендей, сатып алушы өзіне азық-түлікке жатпайтын тауар берілген кезден бастап он төрт күн ішінде, егер сатушы немесе дайындаушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды сатып алу орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта

есеп айырыса отырып, басқа мөлшердегі, нысандағы, габариттегі, пішіндегі, түстегі, жиынтықталымдағы және осы тәріздегі соған ұқсас тауарға не тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастай алады.

Сатушыда немесе дайындаушыда айырбастауға қажетті тауар болмаған жағдайда сатып алушы сатып алынған тауарды сатушыға қайтарып беруге және оған төленген ақшалай соманы қайтарып алуға құқылы. Демек, сатып алушының кез келген тауарды айырбастап немесе оның құнын қайтарып алу мүмкіндігі бар. Сатушының пайдаланбаған тауарды айырбастау не қайтып алу міндеттері осы заңның 30-бабында көрсетілген.

Егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ, тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Бұлардың қатарында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, іш киімдер, жануарлар мен өсімдіктер, метрлеп сатылатын тауарлар, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталар, тоқыма және перделік кенеп мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес материалдар, ленталар, шілтер, таспа, сымдар, баулар, кәбілдер, линолеум, багет, пленка, клеенка, т.б. бар.

Егер тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат жоғалған немесе қандай да бір себептермен тұтынушыға берілмеген жағдайда, тұтынушы оны осы сатушыдан сатып алғанын дәлелдеуі тиіс. Дәлелденген кезде тауарды айырбастау немесе қайтару жүргізілуі тиіс.

Сатушы, дайындаушы жарамдылық мерзімі өткен соң сатылған, техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтары бұзыла отырып шығарылған

тауарды оның пайдаланылғанына, тауарлық түрінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбаларының, заттаңбаларының сақталу-сақталмауына қарамастан, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруды немесе сатып алынған тауар үшін ақшалай соманы тұтынушыға қайтара отырып, қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Тұтынушы тауардың кемшіліктерін тапқан және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы оны дереу ауыстыруға, ал сатушыға тауардың сапасын қосымша тексеру, яғни, сараптама жасау қажет болған кезде – тиісті талап қойылған күннен бастап отыз күн ішінде ауыстырылады.

Тиісті емес сападағы тауар соған ұқсас жаңа тауарға, яғни, бұрын пайдаланылмаған тауарға ауыстырылады. Талап қойылған кезде сатушыда ауыстыруға қажетті тауар болмаса, ауыстыру осындай талап қойылған күннен бастап он күн ішінде жүргізіледі.

Техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігі анықталса және ол шартты бұзу және тауар үшін төленген ақшаны қайтару туралы талап қойылса, сатушы немесе дайындаушы мен орындаушы осы талапты үш жұмыс күні ішінде қанағаттандыруы керек. Тауарда табылған кемшіліктерді тұтынушының келісімімен сатушы осы шартта өзгеше мерзім белгіленбесе, тиісті талап қойылған кезден бастап он күнде жояды. Ал тауардың кемшіліктерін жоюдың шартта айқындалатын мерзімі жиырма күннен аспауы тиіс.

Сатушы тауардың кепілді мерзімін белгілемесе не осы заңның 17-бабы 2-тармағының төртінші абзацында көзделген жағдайда егер тұтынушы тауардың кемшіліктері тұтынушыға берілгенге дейін пайда болғанын немесе сол кезге дейін пайда болған себептерден туындағанын дәлелдесе, тауардың кемшіліктері үшін сатушы жауап береді. Сондай-ақ, сатушы сатылған тауардың кемшіліктерін өзі білмесе жауап береді. Сатушыны жауапкершіліктен босату туралы немесе оны шектеу туралы келісім жарамсыз болады.

Сатушы кепілді мерзімін белгілеген тау-

ардағы кемшіліктердің сатылғаннан кейін пайда болғанын дәлелдей алмаса, тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті. Тұтынушының тиісті сападағы тауарларды айырбастау, қайтару туралы талаптарын уақытында орындамаған үшін сатушы шартта, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, наразылық берілген күннен бастап талаптар қанағаттандырылған күнге дейін мерзімі өткен әрбір күн үшін тауар құнының бір пайызынан кем емес мөлшерде тұрақсыздық айыбын, яғни, айыппұл төлейді. Тұтынушылық дауды сотқа дейін реттеу мүмкін болмаса, айыппұлды өндіріп алуды сот жүзеге асырады.


Тауар үшін төленген ақшаны тұтынушыға қайтару кезінде сатушы одан тауардың толық немесе ішінара пайдаланылуы, оның тауарлық түрін жоғалтуы немесе басқа да осындай мән-жайлар себепті тауардың құны төмендеген соманы ұстап қалуға құқылы емес. Кемшіліктері бар тауарды дәл сондай маркалы тауарға ауыстыру кезінде бағаны қайта есептеу жүргізілмейді. Шартты бұзу кезінде тұтынушымен есеп айырысулар тауардың сатып алу кезіндегі бағасын негізге ала отырып жүргізіледі.

Кемшіліктері бар тауарды басқа маркалы тауарға ауыстырған кезде, егер ауыстыруға жататын тауардың бағасы ауыстырылып берілген тауардың бағасынан төмен болса, тұтынушы баға айырмашылығын төлейді. Ал сатушы тұтынушыға тиісті емес сападағы тауарды жеткізуге немесе қайтарып беруге байланысты шығыстарды өтеуге міндетті.

Тауарды электрондық саудада өткізу кезінде тауарды жеткізу мүмкіндігі мен оның құны туралы ақпарат тұтынушыға сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін беріледі. Сатып алынатын тауарға ақы төлеу нысаны тұтынушы мен сатушы арасындағы келісім бойынша Қазақстанның заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Бибитгуль МЕНСИТОВА,
Құрманғазы аудандық сотының
судьясы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АЛАЯҚТАРҒА АРАНДАП ҚАЛМАҢЫЗ



Оңай олжаны көздегендерге арандап қалатындар азаймай тұр. Бұл тақырыбымызда қозғайтын мәселе бүгінгі қоғамның басты дертіне айналған қаржы пирамидалары мен оның алаяқ қызметкерлері жайлы болмақ.

Түрлі-түстіге алданып қалатын бала секілдіміз, алаяқтарға қалтамыздағы соңғы тиынға дейін санап беруге даярмыз. «Біреу берсең, жүз аласың, кемпір берсең, қыз аласың» дегеннің кері келіп тұр. Басты дертіміз – қаржылық сауаттылығымыздың төмендігінде. Ел ескі әпсанаға әлі сенеді, түпсанамыздағы төбеде Құдай төге салатын дәулеттің тез әрі оңай келетініне сөзсіз иланамыз. Не істемек керек? Халық қаржысынан құрылған ұйымдар арқылы үптеп кеткендерге заң не дейді? Сенім білдіріп, бар жиғанын жолына құя салған, сан сабалап, «ай, қап» деп қалған қанша қараша арамызда жүр? Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен мал жиюды жөн санайтын түсінігімізден тиылмасақ, қандай құрдымға тап боламыз?

Олардың жұмыс істеу жүйесі тым қарапайым. Өздерін аса ауқатты жан ретінде көрсетіп, қатарына қосылуға шақырады. Сән-салтанаты жарасқан шетелдік көліктер, бір-біріне сыйлаған бағалы сыйлықтар, апта сайын әмияныңызға өзі келіп құйылатын АҚШ доллары, қалағанына қиналмай қол жеткізетіндерден құралған достық орта, маусым сайын шекара асатын саяхаттар кімкімді де басында елітетіні сөзсіз. Сенің айдан-айға жетпейтін жалақың мен несиеге шырмалған өміріңді келеке етіп, «Қашанғы осы қалыпта ғұмыр кешесің? 100-150 мың айлықпен қашан алғашқы миллионыңды табасың?» деп сұрақ қойғанда, еріксіз келісесің. Келіспеске амал жоқ, себебі, бал өмірді сәл болса да кешіп көргің келеді.

Осы тұста қаржылық пирамида жүйесінің құрбандарының дені әлеуметтік жағдайы қиын, қарызы көптер деуге себеп бар секілді. Әйтпесе, төрт құбыласы тең, дүниесі толысқан жандардың арты қуыс ұйымдарға кіруі, тәуекелге бел буып, теңгесін жұмсауы қиындау. Бұл жайлы ресейлік «Derot WPF» қаржылық-сараптамалық агенттіктің өкілі Алексей Андреев ақпарат өкілдеріне берген сұхбатында: «Олар қарны тоқ қоғамда жұмыстарын жүргізе алмайтындарын жақсы біледі. Соңғы кездері аудиториясын «сұрыптап» алу үшін әлеумет-

тік желілердің көмегіне жүгіне бастады. Бұл үшін оларға өз атауымен тіркелудің қажеті де жоқ. Жазылушылары көп блогерлерге тиын-тебен беріп қойса жеткілікті. Әлеуметтік желінің табиғаты қаржы пирамидалары, желілік маркетингке жақын. Бұл оның қазіргі жұмыс істеу форматының ерекшелігі», – дейді.

Қаржы пирамидалары «Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық?» деген көңілдегі күдік атауын жою үшін табыстың оңай келмейтінін, алайда тез табуға болатынына сендіреді. Желеулері – сату. Белгілі бір тұрмыстық заттарды, бет күтімдеріне арналған құралдар, емдік дәрі-дәрмектер секілді өнімдерді сатады-мыс. Көп тауар сатып, артыңнан бірнеше «сатушыларды» қатарға қоссаң, тез байып кетеді екенсіз. Бұл әлеумет арасында көпшілікке түсінікті болған бір ғана мысалы. Сонымен қатар, құнды құжаттарға ие болуды ұсынатындар да бар. Құйған қаржыңызға жоғары пайызда өсім, бонустар арқылы қызықтыратындардың да қарасы қалың.

Тарих беттері бұл ұйымдар жайлы не дейді? Әлемде ең ұзақ айласын асырған қаржы пирамидасы ретінде 1960 жылы құрылған «Meadoff Investment» қаржы ұйымын айтады. Негізін қалаушы – Бернард Мэдофф деген америкалық олигарх. 150 жыл бойы бай-бағландардың ақшасын жымқырумен айналысқан. Үш миллионнан астам адам ұйымына мүшелікке кірген, ақшасын аманаттап тапсырған. Бізде де тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңдері, нақтырақ айтсақ, 1993 жылдан бастап елімізде аталмыш индустрия жұмыс істей бастады. Отыз жыл өтсе де, ордамызда ойран салғандардың жолын кесетін амал табылмай отыр. Құныққандар мен дәніккендерге заң да, жаза да тосқауыл болар емес.

Айта кетейік, өткен жылы атаулы пирамидаларды құрып, көпті сан соқтырғандарды 10-12 жыл аралығында бас бостандығынан айыруға жаза күшейтілген болатын. Ал, ұйымдардың сойылын соғып, жарнамасын жарыса жасаған танымал жандар үшін 2000 АЕК бойынша айыппұл немесе 600 сағат-

тық қоғамдық жұмысқа тарту, мәселе шиеленіскен жағдайда, 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу көзделген. Дегенмен адамнан айла да, амал да артылмай тұр.

Жауапты мамандардың айтуынша, биылғы жылдың алғашқы бес айының өзінде 22 қаржы пирамидасының жолы кесілген. Кибербақылаудың арқасында 4000-ға жуықтайтын парақшалар мен сайттар бұғатталған. Қаржылық мониторинг агенттігі қазақстандықтарды заңдық талаптарын, шығу тарихын, жұмыс істеу маханизмін қатаң қадағалап, көз жеткізіп барып сенім білдіруге шақырады.

Ол үшін арнайы қаржы пирамидаларының тізімі жарияланған. Тізімнен бірнеше жыл көлемінде ел арасында кеңінен таралған «Q-Net», «Incruires», «Qaz Home» секілді алыптарды байқадық. Онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүріп жатқан, қаржылық пирамидалық белгілері байқалғаны 22 ұйым, тергеу аяқталып, сотта қаралып жатқаны 7 ұйым, сот үкімі пирамида деп таныған 30-дан аса ұйым атауы көрсетілген. Бір қорқыныштысы, өткен жылмен салыстырғанда, алаяқтарға алданғандар саны көбейген.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында 382 адам қаржы ұйымдарының құрбаны болған. Салдарынан 12,2 млрд теңге залал келген. Мұндағы жеке адамдарға 12,1 млрд, заңды тұлғаларға 176,7 млн теңге шығын келтірілген. Бұл өткен жылдың осы кезеңдері бойынша үш есеге көп. Ал, алғашқы төрт ай бойынша «Қаржы пирамидасын құру және басқару» бабы бойынша 45 қылмыстық іс тіркелген. Ұсталғандардың саны – 30 адам.

Біз бұлардың жолын кесудің мың амалын тапқанымызбен, әлгілер халықты алдаудың мың бір айласын қоса ойлап отыр. Не істемек керек? Ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаржыгер Ілияс Исаяв ақпарат өкілдеріне берген сұхбатында: «Барлық қаржылық ұйымдарда, қаржы пирамидалары көзбояушылыққа жол бермес үшін өзіне қатысты барлық тәуекелдерді, жасырын пайыздарды ашып, «сыйақы мөлшерлемесінің таза көлемін нақты көрсетуі керек» деген бапты қосу керек. Өзбекстан, Ресей осындай баптарды заңдастырған. Бұл қадамға біз де баруымыз керек. Мұндай жағдайда қаржы пирамидалары заңды тіркелген елдерге сұрау салып, өтемақы талап етуге, қазақстандықтардың мүддесін халықаралық деңгейде қорғауға мүмкіндік туады», – деп кеңес береді.

Бұл шетелдер практикасында бар амал көрінеді. Дегенмен, қаржылық сауаттылық танытпаған біздікілердің қамсыздығы мен аңқаулығына бұл да кедергі емес секілді. Сайып келгенде, мәселе өзімізден туындайды. Әр істің байыбына барып, терең зерделеуден кейін ғана сенім білдіргеніңіз абзал. Сонымен қатар, оңайдан олжалы болу яғни, аз ғана уақытта жеңіл пайда табу деген түсініктен ада болғанымыз ләзім. Маңдай тер тамбай, еңбек етпей, адам бойына байлық біте қоюы екіталай. Ең сорақысы, жарнамасы жер жарған ұйымдар арқылы халықты енжарлыққа, еріншектікке, еңбек етпеуге, оңай табыс табуға насихаттап жатқан жоқпыз ба? Осыған әуестенген қоғамнан еңбексүйгіш ұрпақ өсуіне сенім бар ма?

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТАРАПТАРҒА ТЕНДЕЙ МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ



Қылмыстық сот ісін жүргізу қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Қылмыстық істерде айыптаушы және қорғаушы тараптар қатысады. Тараптар дегеніміз – сот талқылауында жарыспалылық және тең құқылық негізінде айыптауды (қылмыстық қудалауды) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен тұлғалар.

Айыптаушы тарапқа қылмыстық қудалау органдары (прокурор, тергеуші, анықтаушы), сондай-ақ, жәбірленуші (жекеше айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері жатады.

Қорғаушы тарап – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азамат-

тық жауапкер және оның өкілі. Ал, куә, куәгер, сарапшы, маман, аудармашы, медиатор, сот отырысының хатшысы, сот приставы тараптар құрамына кірмейді, олар, қылмыстық заңнамаға сәйкес, қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар деп аталады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегіне, әлеуметтік,

лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

Тек, қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудің шарттары Конституцияда, Қылмыстық-процестік кодексте, заңдарда және мемлекетіміз ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 23-бабында көзделгендей, қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық процеске қатысатын тараптар тең құқылы, яғни, оларға Конституцияға және осы кодекске сәйкес өз ұстанымын қорғауға бірдей мүмкіндіктер берілген. Сот-процестік шешімді тараптардың әрқайсысына бірдей негізде зерттелуіне қатысу қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Қорғаушы күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға міндетті.

Сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың процестік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз таңдайды. Сот тараптың өтінішхаты бойынша осы кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

Қылмыстық істі қарайтын сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптаушы және қорғаушы тараптарға олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасайды, яғни, қосымша куә, мамандар, сарапшыларды сотқа шақыруға немесе заң шеңберінде жинақталған өзге де қосымша дәлелдемелерді сотқа ұсынуға, басқа да процестік құқықтарын тең пайдалануға мүмкіндік береді.

Осымен бірге, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолданады. Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинай алмайды.

Қорыта айтқанда, қылмыстық құқық-бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы үшін қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттерінің бірі болып табылады. Екінші міндетін адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан қорғау, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуге жол бермеу, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету деп түсінген жөн.

Жоғарыда айтылғандарға қол жеткізу үшін судья қылмыстық сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, әділ, бейтарап, объективті болуы және ҚР Конституциясы мен заңға ғана бағынуы тиіс.

С. ТАШИМБАЕВ,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының судьясы

ЗАҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

ҚР «Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген. Сондықтан барлық салада іс-құжаттар қазақ тілінде жүргізіліп, әрбір заң мемлекеттік тілде жазылуы тиіс.



Ата Заңда «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жарияланған. Яғни, ол – тек қазақтардың ғана емес, этнос өкілдерінің де мемлекеттік тілі. Қандай қоғам болса да, өзара түсінісу үшін ортақ тіл таңдайды, қазақ тілі – барлық қазақстандықтардың ортақ тілі. Ортақ тілі болған соң, олардың осы елде

өмір сүру, жұмыс істеу, өзара қарым-қатынасқа түсу тілі болуы тиіс. Барлық елдерде солай. Францияда тұрғындардың баршасы француздар емес, бірақ олардың барлығы француз тілін білуді міндетті санайды. Қытайда да, Ресейде де, Испанияда да солай. Өйткені, «бір мемлекет – бір тіл» ұғымы –

өркениетті елдердің барлығы үшін аксиома. Онсыз ортақ құндылықтардың қалыптасуы қиын. Бір мемлекет ортақ үй, ортақ ұжым ретінде қалыпты өмір сүруі, дамуы керек. Сол үшін сол мемлекеттің азаматтығын алған адамдардың барлығы ортақ мемлекеттік мүддені жоғары қояды.

Мемлекет нығайғанда ғана жеке адамдардың бейбіт өмірі, тыныштығы сақталады және ел азаматтары өзінің қабілетін толық ашып орнықты қызмет істей алады, белгілі бір беделге ие болады, дәулеті асады. Ал өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің ең басты белгілерінің бірі – мемлекеттік тілін білмеу, тіпті, білгісі келмеу, мойындамау сол мемлекеттің рухани жағынан ортақ үлкен ұжым болып қалыптаса алмағандығын байқатады. Қазіргі Қазақстан жағдайында азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуіне барлық жағдай жасалып жатыр. Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалған, тілді үйретуге арналған әртүрлі оқу құралдары бар, мемлекеттік тіл орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызметте, ұлттық орталықтарда тегін оқытылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін айтты. Расында, бір тудың астында күн кешкен халықтың біртұтас ұлт болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің өз функциясын атқаруы – заңдылық. Әйтсе де, мемлекеттік тіліміздің қолданысы әлі күнге өзекті мәселе болып тұр. Мұның бір мысалы – заңдарымыздың мемлекеттік тілде жазылмауы. Мысалы, қазірге дейін «Көшіқон туралы» және «ҚР бала құқықтары туралы» деп аталатын екі заң ғана мемлекеттік тілде қабылданған. Қалған заңдар орыс тілінде қабылданып, кейін қазақ тіліне аударылған. Сондықтан болар, көпшілігіміз заңның мемлекеттік тілдегі баптарын орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып қана толық түсінеміз. Себебі заңдардың қазақ тіліндегі нұсқасының сөйлемі өте күрделі. Заңмен күнделікті шұғылданатын заңгерлердің өзі түсінбей тұрғанда, қарапайым

адамның қаншалықты қиналатыны айтпаса да белгілі.

«Құқықтық актілер туралы» заңның 24-бабының 3-тармағында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуы тиіс» деп жазылған. Бірақ бұл қазақша заң мәтіндерінің түпнұсқа екенін білдірмейді. Тек аударылған мәтіннің мазмұны түпнұсқадан ауытқымайтынын аңғартса керек. Дегенмен орыс тілінің қалыбына салынып дайындалған қазақша мәтіндердің калькаға ұрынбауы неғайбыл. Осыдан келіп заңның қазақ тіліндегі нұсқасы қарапайым жұртқа ұғынықты бола бермейді. Тіпті, оны судьялардың өздері де әрең түсінер. Олардың көп жағдайда орысша мәтінге сүйене отырып, қазақ тілінде іс жүргізетіні баршаға мәлім.

Қазір қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді. Ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жаңаруда. Бүгінгі қалыптасқан демографиялық және миграциялық үдерістерді, ұлттық сана сезімнің өскенін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ қазақ тілінің мемлекеттік қолданыс аясын тез арада кеңейтуді талап етуі – заңдылық. Осы ретте әрбір заңды тек қазақ тілінде қабылдайтын уақыт жетті деп білемін. Өйткені, басым бөлігі қазақша сөйлейтін халыққа барлық құжаттар толыққанды түсінікті болуы үшін заңдар мемлекеттік тілде дайындалуы керек.

Жалпы, Президент айтқандай, мемлекеттік тіл ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналып, заңның қазақша мәтіні баршаға түсінікті болуы тиіс. Қазақ тілінде жазылған заңды қарапайым халық та жақсы түсінуі қажет. Билер сотын қалыптастырған бай, өткір тіліміз қазақ тілі – турасын айттып, нақты жеткізуге өте ыңғайлы тіл. Сондықтан мемлекеттік тілдің заң тілі ретінде бекітін, Ата Заңымыз рухани жаңғыратын, қазақ тілі заңның тіліне айналатын кез келді.

Рахат АККАСИНОВ,
Жалағаш аудандық сотының
бас маманы, Қазақстан Заңгерлер
одағының мүшесі

ҚОҒАМДЫҚ АР-ҰЖДАН СОТЫ

Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.



Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері бірнеше жыл өтті, осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе де жинағаны анық. Соттардың алқабилердің қатысуымен қарайтын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді дейді мамандар. Сот төрелігінің осы институтына туындап отырған қызығушылық – оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі. Аймақтар

арасынан облыстық және оған теңестірілген соттарға баруға жататын сотталушылардың алқаби сотын неғұрлым жиі таңдап отырғанын атауға болады. Әрине, біздің елімізде әлі де алқабилер соты алғашқы қадамдарын ғана жасап келеді, сондықтан күдіктер де, сын да айтылады. Атап айтқанда, алқаби сотына қарсы пікір білдірушілер алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің мента-

литетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заң ғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың, кейбір жағдайда тіпті мамандар үшін де қиын болып табылатын кінәлілігі, дәлелділігі, жауаптылығы туралы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады.

Кейде алқабилердің төмен әлеуметтік мәртебесі туралы да айтылып жатады. Бұл пікірлермен бірқатар мамандар нақты келіспесе де, алқабилердің қатысуымен жүргізілетін сот ісін жүргізу әлі толық жетілмегендігін алға тартады. Бірақ, алқаби соты демократияның сөзсіз жеңісі екені, оны барынша қорғау және дамыту керектігі анық. Қазақстандағы сот реформасының қазіргі заманғы тұжырымдамасы оны, ең алдымен, сот жарыспалылығын ынталандыруға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым пәрменді қорғауға ықпал етуге арналған институт ретінде қарайды. Осы тұрғыдан алғанда, біздің үмітіміз ақталды, оны ақтау үкімдерінің көбеюі көрсетеді. Жалпы, жергілікті халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуы, жәй қатысып қоймай, олардың шешім шығаруға нақты ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туындады. Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады деп заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады. Сондықтан алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, нендей ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерін ұйымдастырудағы проблемалар қандай деген мәселелер жиі көтеріледі.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы ор-

гандар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі наным бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі – олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстанымы жоғары болуына баса назар аударылады. Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде, құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан олардың қатарына өткен өмір жолы күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсінбейтін адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Әрине, «көш жүре түзеледі» дегендей, алқабилердің болашағы зор екені және оны халқымыздың қолдап отырғаны сот жүйесіндегі үлкен өзгерістің дұрыс екендігін айқын көрсетеді.

Конституциямыздың 75-бабында жазылғандай, қылмыстық істі қараудағы өзгеріс оған алқабилерді қатыстыру болып табылады. Өз тарихымызға үңілсек, IV ғасырда қазақ мемлекеті пайда болған кезден бастап, хан билігімен қоса, сот билігінің, яғни, билер билігінің қатар дамығанын көреміз. Көшпелі қазақ қоғамында билер құзыреті елдік биліктің ең көп тараған, халыққа жақын әрі

түсінікті, оның құрметіне бөленген, сондықтан да мейлінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі болған. Оның үстіне XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандығы монархия мен аристократиялық республиканың элементтерінен тұратын далалық мемлекеттің дәстүрлерін бойына жинақтаған иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым еді. Онда жыл сайын ханмен бірге жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу үшін ру ақсақалдары мен билері қатысатын құрылтай шақырылатын. Сол кездегі ру билері соттың және әкімшілік биліктің міндеттерін қатар атқарғаны рас. Бірақ, артынан, қазақ даласы Ресейдің қол астына қарағаннан кейін, билер ауқымын тарылтып, орыс судьяларының рөлі басым түсе бастады. Кеңес дәуірі кезінде Қазақстандағы сот әділдігін атқару бір судья мен екі халық заседателінің қатысуымен жүзеге асырылды. Ал 1995 жылдан бастап сот үкімін шығаруды тек кәсіби судьялар қолға алды. Әрине, алқабилерді қатыстырып сот ісін қарау жүйесін әңгіме еткенде, зерттеушілер оларды англо-саксондық және құрылық-құқықтық жүйе түрлері деп екіге бөледі. Қолданыстағы заңдарды пайдаланып, соның негізінде өздерінің сот жүйесін құрған Англия, Америка, Канада және басқа елдер соты англо-саксондық құқықтық жүйедегі сот болып табылады. Бұл жүйедегі мемлекеттерді алқабилер кеңесу бөлмесінде өздері ғана болып, шешім шығарады. Ал құрылықтық жүйедегі мемлекеттерде болса, алқабилер соты шешімді кәсіби судьямен бірге отырып шығарады.

Қай жүйеде болмасын, бұлар, негізінен, төрт сұраққа жауап беруі тиіс. Біріншіден, қылмыстық оқиға орын алды ма, екіншіден, егер қылмыстық оқиға болса, онда жаңағы айыпталып отырған адамның қатысуымен өтті ме, үшіншіден, ол қылмысты жасады ма, төртіншіден, осы айыпталып отырған адам жасаған қылмысына кінәлі ме? Алқабилер қатарына мүше болатын адамдарды түрлі деңгейдегі сайлауға түсетін үміткерлер тізімі арасынан әуелі облыс және аудан әкімдері таңдап алуы тиіс. Таңдауға түсетіндер,

ең алдымен, 25 жасқа толған, денсаулығы жақсы, ақыл-ойы дұрыс, бұрын сотталмаған жан болуы керек. Бұларды қалалық, облыстық әкімдіктер жинап, іріктегеннен кейін, оларды сот мүшелері тағы да тексереді. Бұл сұрақ-жауап арқылы жүргізіледі. Өйткені бұрын құқық қорғау органында істегендер, адвокаттар немесе қазір сондай қызмет саласында жүргендер алқабилер құрамына енбеуі тиіс. Себебі алқабилердің заңға ешқандай қатысы жоқ адамдар болғаны жөн. Ондай алқабилер шешім қабылдағанда, заңдылықты сақтай отырып, сот талқылауында дәлелдерге шынайы баға береді және шығарған шешімдер қылмыстық оқиғаға сай болып, адамның шын мәнінде кінәлі екенін анықтау жолдары іздестірілуі керек.

«Алқабилер туралы» заңға сәйкес, елімізде алқабилер 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істерге қатыса бастады. Олардың асықпай шешім шығаруына барлық жағдай жасалған. Нақты бір істі қарауға таңдалған алқабилер қанша қажет болса, сонша рет сот процесіне қатысады. Оларға кәсіпқой судьялар жалақысының 50 пайыз көлеміндегі айлық төленеді. Дегенмен, бәрі олардың сот ісіне қатысқан күндер санына байланысты. Ал алқабилер жасақталғаннан кейін босаған қалған үміткерлерге олардың сотқа шақырылған, келген күндеріне ақы төлеу мен қызмет орнындағы айлықтарының сақталуы заңда қарастырылмаған. Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда, небір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатады. Бұл – сотқа деген сенім.

Ә.ҚАРЕКЕНОВ,

**Қаратөбе аудандық сотының судьясы,
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.8.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.8.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 15. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»